


# ЖАРКЕНТ

№2 (46),  
27 қаңтар,  
бейсенбі, 2021 жыл,  
jar-aina@mail.ru



## Айнаса

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

### ПРЕЗИДЕНТ 200 ЖАҢА МЕКТЕП САЛУДЫ ТАПСЫРДЫ



Қаңтардың 26 күні президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді. Жиында Премьер-Министр Аскар Мамин, Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Үкіметтің басты міндеті экономикалық өсімді қалпына келтіру, инвестиция тарту және қазақстандықтардың табысын арттыру екенін атап өтті.

Президент пандемия мен шектеу шараларынан, сондай-ақ, сауда байланыстарының үзілуінен айтарлықтай зардап шеккен шағын және орта бизнесті қолдаудың маңыздылығына назар аударды.

– Биыл шағын және орта бизнеске қолдау көрсету ең басты назарда болуға тиіс. Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, бір айдың ішінде осыған қажетті іс-шаралар топтамасын әзірлеуді тапсырамын. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы – халықты жұмыспен қамтудың негізгі құралы.

(Жалғасы 2-бетте)

### ҚАЗАҚТЫҢ СОҒЫМЫ ҚАЙ СОҒЫМ?

Қазақтың соғымы туралы сөз қозғаған соң әңгіме жылқы жарықтық туралы, оның бал татыған еті туралы болмақ. «Жылқы етін кімдер жеген?» – деген сауалдың туындауы да заңды. Бірден айтайық – бәрі жеген. Мұсылмандар ғана жеген деген қате түсінік. Орыс та, неміс те, француз да сүйсініп жеген. Кейінде діни нанымдары бойынша ажыраған. «Кімдер ажырамаған?» – деген сауалға келер болсақ, оның әу басында қазақтар тұрмақ. Одан қалды қырғыз бен ноғай тұр. Одан қалды башқұрт, татар, сақа тұр. Киіз туырлықты, алдарына ыргын жылқы қостарын салған көшпелі елдер қатарындағы қалмақтар, буряттар, тұңғыстар бұл күнде жылқы етін татып алмайды.

Қазірде жылқы еті ең таза экологиялық өнім ретінде жарнамалануда. Соған орай, жылқы етін кез келген супермаркеттерден кездестіруге болады. Еуропа елдерінің бәрі жылқы етін таңсық ас ретінде пайдаланады. Англосакс елдері болмаса (Канададан басқасы), сондай-ақ жөйіттер болмаса, жылқы еті барлық құрлықтарда сатылады. Ал жылқы етін тұтынуда қытайлықтар алдына жан салмай тұр. Одан кейінгі орында қазақтар тұр. Одан кейінгі орында моңғол ағайын тұр.

(Жалғасы 7-бетте)

Ауылдың сыртынан есептегенде, Ақжарық пен Көкталдың арасы, шамамен, үш шақырымнан асады. Көкталдан кеш бата шыққан Ләзәт пен Жүсіп құшақтасып қатар жүрген бойлары Ақжарыққа әбден қараңғы түскенде жетті. Сөздері сонда да бітпей, ауылдың орта тұсындағы мектеп бақшасына кіріп отырды. Оқуға түсе алмай Алматыдан ренішпен қайтқан Ләзәт Жүсіпке әлі жұмбақтау-ды: иә деп ашып та айтпай, жөк деп кесіп те тастамай, жауабы ылғи әзіл мен шынның арасындағы сөзбұйда боп шығады. Бес жыл бұрын Жүсіп те оқуға түсе алмай, күзінде әскерге кеткен, содан қайтқалы бері оның қолы тимеген ауылдың қара жұмысы қалмады: жүгері отады, шөп шапты, қырманға шықты, мая басты, жем тасыды, қора жасады, қамыс орды, кірпіш құйды. Бұлардың сыртында бір күндік, екі күндік барып кел, алып келдің шаруасы тағы толып жатыр. Бұл істегенді ол да істеп әкесі жүр. Шешесі үйде, алты ұл мен үш қыздың қазан-ошағына не болу да ол кісіге кәдімгідей жүк. Осындай көп басты отбасында өскен, жасы жиырма үштен асқан баланың үлкеніне үй іші: «Үйлен, үй бол!» – демей, не дейді? Жүсіп, әрине, бүгін үйленуге де әзір, бірақ соған Ләзәт көнбейді.

– Мені қинаған сайын қуанатын сияқтысың, Ләзәт. – Жүсіптің «зы»-ны өстіп қосарлап айтатынын Ләзәт іштей ұнататын. Оны Жүсіп те аңғарып, әдейі жиі айтатын. – Мені қуантқаныңа өзін де қуанатын уақыт жетпеді ме, Ләзәтжан?!

– Жетті. Екеуіміз де қуанып отырмыз ғой, міне. – Қуанып қуанып отырмыз ғой. Мені бірақ: «Мақұл. Осы күзге тойымызды жасайық», – деп, неге кесіп уәде бермейтінің қобалжытады. – Мені де сенің сол тілегің қобалжытады: жасым он сегізге жаңа толды, мектепті бітіргенім быыл ғана, елден ұят емес пе, «Ләзәт, тегі, зорға шыдап жүр екен», – дейді ғой. Быылша күтсең, келесі күзде қыңқ демейін.

– Жазда тағы оқуға тайып тұрмайсың ба?  
– Тайып тұрам.  
– Студент боп кетсең, мені менсіну қайда, жаңағы уәдең өншейін уақытша алдап, құтылып кету болады ғой?

Ләзәт үндей алмады. Шынында, бұл оқуға түсіп кетсе, екеуі қалай үйленеді? Бірі Алматыда, екіншісі Ақжарықта жүріп қайтпай ерлі-зайыпты болады? Мүмкін бе? Жүсіптің де жағдайын түсінетін сияқты, айды. Жұбатып, ренішсіз жол тапқысы келеді.

– Оқуға түскенім саған зиян ба? Бір жылдан соң сырттай оқуға ауысармын. Ес білгелі арманым – мұғалима боп, бала оқыту. Оқи алмаса, соны қиялдап, бәрібір, бақытсыз өтетін шығармын.

– Бірден-ақ сырттай оқуға түссең болмай ма?

– Кім біледі... – Сөйтсе де болатынын ойлап, Ләзәт бір сәт сасыңқырап қалды. – Бір жыл болса да студент болып жүргім келеді, қызығам. – Сырттай оқығандар да студент қой.

– Қайтайықшы, – әдейі орындық қып шапқан жалпақ түбірдің үстінде отырған Ләзәт түрегелген бетте жүре берді. – Енді кешіккенім үйден ұят.

Жүсіптің тағы амалы құрып, әңгімесі тағы тиянақсыз қалды. Үнсіз налып, Ләзәтті үйіне дейін шығарып салды. Ләзәттікі – бақшадан шыға қалғандағы қарсы үй. Қақпа алдында тоқтап тұрып, қызды ақырын өзіне тартты. Тартынбады. Жүсіп батылданды да қызды қапсыра құшақтап, ернінен сүйіп алды. Еш өкпе білдірместен қыз бұрылып қақпаға кіріп кетті. Қуаныштан атой салған Жүсіптің жүрегі атша тулады: «Сүйеді! Сүйеді! Сүймесе, неге сүйгізеді?» Аяғы жерге тимей көшенің басындағы үйіне лездеме жетті.

Үйге кірген бойда аяғының ұшымен басып асудың есігін ашты. Газдың үстінен қуырған картоптың иісі келіп, қарнының қатты ашқанын сонда білді. Картопты тікелей табдан-ақ ауызға тастап жіберуге ыңғайлана берген үстіне, андып тұрғандай, шешесі кіріп келді.

– Әй, сен адам болмайсың. Еркек деген қазаннан алып тамақ жей ме екен?! Отыр әрі. Бүйтіп қазанға басың сұғып жіберуңді қоймасаң, ертең, айтпады деме, қатынына да

### ҚЫЗ СЕЗІМ

(әңгіме)

жақпайсың. Қатынбашша еркекті қай әйел жақсы көрсін.

– Гәзет оқымайсың, кітап оқымайсың, білмейсің. Осы күнгі әйелдер тамақты өзі пісіретін еркекті бағалайды.

– Ол... қазақ еместер сөйтеді. Ауылдың қызынан ондай қылық шықпайды.

– Сондықтан ауылдың қызына ғана үйлену керек. Қаланың қызы мені өзі де менсінбейді, солай ма?

– Менің тілімді алсаң, сен Ләзәттің соңынан жүгіріп әуре болма. Ол қыз саған тимейді. Одан да өзіне ылайық басқа біреуді таңда.

– Неге олай дейсің? Бірдеме естідің бе?

– Е, жоға. Өзімнің өмір тәжірибемнен айтам. Мен адам танысам, ол әлі күйеуге тиюді ойлап жүрген қыз емес, ол, түбі оқымай тынбайды. Ал оқыған қыздың оқымаған ұлға тиер-тимесі екіталай.

– Шын сүйсе, неге тимейді?

– Шын сүйсе, әрине, тиеді.

Қуырған картоп кеңірдегінен зорға өтіп, Жүсіп екі шыны шайды демін алмай үнсіз ішті де жерде қатарласа жатқан інілерінің ірге жағына күрсіне барып жата кетті. Үміт пен уайым екі жақтап, бірі сипап, бірі тырнап, жанын тағы ұзақ әлекке салды.

Қолынан ұстатты, құшақтатты, ернін де сүйгізді, сөйте тұра неге бұған тимейді? Тигісі келмесе, неге қасына жолағанды? Тек биыл емес, әуелі оқуға түсейін, сырттан оқияын, сонан соң тиейін деді ғой. Сүймесе, өйтіп уәде бере ме? Көніп, уәдесін беріп тұрған қыздан қалайша бұл бастартады? Бастарта ала ма? Сірә, шешесі Ләзәтті ұнатпайтын шығар, «алма» деп ашық айта алмай, содан сипақтатқан айласы болар. Әлде басқа біреуді әпергісі кеп жүр ме? Ақжарықтың үш жүзге жуық отбасы бәрі дерлік бір атаның баласы, қыз алысатыны он шақты ғана үй, оның ішінде Ләзәттан өзге оған ұнайтындай кімдер бар? Өзіл-ойынды ондай түсінетін, жайдары мінезі қағылез бойына ондай үйлесетін қай қыз бар бұл ауылда? Осы ауылдың бүкіл қызын бір араға жинап қойса,

(Жалғасы 4-5 бетте)

(Басы 1-бетте)

Оның «Бастау-бизнес» бағыты бойынша 150 мыңнан астам адам оқып шықты. Бірақ тек 10 пайызы несиенге, 19 пайызы грантка ие болды. 100 мыңнан астам адам мемлекет қолдауынан тыс қалды. Әсіресе, бағдарламаның ауылдағы түлектеріне қаржы жетпей жатыр. Сондықтан бағдарламаның қаржы көлемін ғана емес, оны жүзеге асыру ұстанымдары мен тетіктерін қайта қарауымыз керек. Халыққа берілетін шағын несиелердің ставкасы 6 пайыздан аспауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелері мен әкімдердің сатып алуға жергілікті өнімдердің үлесін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстарын сынға алды. Былтыр 9 айда тауарға, жұмысқа және қызмет көрсетуге қатысты сатып алуларды реттеудің жалпы көлемі 12,5 триллион теңгені құрады. Жергілікті тауарлар мен қызмет көрсетуге бар болғаны 6,4 триллион теңге немесе қаржының 52 пайызы бөлінген. Экономикаға аталған қаражаттың жартысына жуығы жұмсалмаған.

– Бюджеттің триллиондаған қаржысын импортқа жұмсауға қақымыз жоқ. Сондықтан бюджеттің әкімшілері тікелей жауап беретін болады. Бұл орайда бізге «семіз» цифрлар қажет емес. Маңыздысы – дұрыс есептеу. Қазақстанда тіркелген заңды тұлғаның кез келген өнімі жиі есепке алынатыны туралы ақпарат бар. Ол өзінің тауарын жеткізе ме, әлде импорттан әкеле ме, оны бақылап отырған ешкім жоқ. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берілген цифрларды бекітілген әдістемеге сәйкес қайта тексеруді тапсырамын, – деді Президент.

Халықты жұмыспен қамту мәселесі бойынша да берілген есеп пен жасалған жұмыстардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Жұмыспен қамтудың жол картасын жүзеге асыруға 1 триллион теңге бөлінді. Бұл қаржының 98,2 пайызы игерілген. Бағдарлама халықты жұмыспен қамтуда және іскерлік белсенділікті қолдауда маңызды рөл атқарды. Бірақ ондаған жүздеген мың жұмыс орындарының ашылғаны туралы мәліметті тексеру кезінде айырмашылық бар екені анықталды.

– Азаматтарды қағаз жүзінде ғана жұмысқа орналастыру белең алып отыр. Бірыңғай ақпараттық жүйеге бір адам туралы мәлімет қайта-қайта енгізіледі. Дәл осындай 15 мың жағдай тіркелген. Жұмысқа орналасты деген адамдардың үштен бірі зейнетақы қорына қаржы аудармаған болып шықты. Мұндай жағдай, әсіресе, Түркістан (79%), Қызылорда (43%) және Жамбыл облыстарында (36%) анықталып отыр. Жалпы, еңбекпен қамтылғандардың 40 пайызға жуығы «көлеңкеде» қалып қойған. Жұмыспен қамтудың жол картасына бөлінген 1 триллионнан небәрі 5,5 миллиард теңге салық төленген. Бұл – жарты-ақ пайыз деген сөз! Мемлекеттік кіріске жауапты органдар мәселені қатаң бақылауға алуы керек. Қажет болса, құқық қорғау органдарын да осы жұмысқа тартамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке салықтық-бюджеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырды. Былтыр салық және кеден саласынан түскен қаржының кіріс көлемі 47 пайызға қысқарған. Әйтсе де, алдыңғы жылы бұл көрсеткіш 65 пайызға жеткен. Кедендік төлемдердің жинақтық деңгейі төмен екені байқалады. Тек Қытаймен арадағы шекарада 50 мыңға жуық жалған декларация толтырылғаны туралы дерек анықталды.

## ПРЕЗИДЕНТ 200 ЖАҢА МЕКТЕП САЛУДЫ ТАПСЫРДЫ



Қытаймен арадағы ашық статистика бойынша айырмашылық 5 миллиард доллардан астам қаржыны құрайды.

Президент жалған кәсіпорындар мен әдейі салық төлемейтіндерге қарсы жұмысты жүйелі түрде күшейтуді талап етті. Ресми бағалаулар бойынша ішкі жалпы өнімнің төрттен біріне, ал Дүниежүзілік банктің деректері бойынша 40 пайызға жуығы «көлеңкелі» аймақта екен. «Көлеңкелі» экономикаға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін Экономикалық қылмыстармен күрес агенттігі құрылады.

– Орталық мемлекеттік органдар басшыларының автопаркін ұстап тұру үшін айтарлықтай бюджет қаражаты жұмсалады. Бір ғана автомобиль үшін орташа есеппен жылына 6 миллион теңгеден астам қаржы шығындалады. Бірқатар елде жеке қызметтік көліктің орнына ақшалай өтемақы төлеу тәжірибесі енгізілген. Бұл тәжірибе біздің елде де, нақты айтқанда елорда әкімдігінде қолданылған. Мұндай әдіс «Самұрық-Қазына» қорында апробациядан сәтті өтті. Бұл қызметтік көліктердің санын едәуір қысқартуға және әкімшілік шығындарды 1,5 миллиард теңге көлемінде азайтуға мүмкіндік берді. Үкіметке Президенттің Іс Басқармасымен бірлесіп, мемлекеттік органдардың басшыларын қызметтік көліктермен қамтамасыз етудің жаңа жобасы бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырамын. Бұл жұмыс нақты қысқартуды қажет етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің жаңадан тағайындалған орынбасары – Сыртқы істер министріне ақпан айының соңына дейін инвестицияларды басқару жүйесін реформалау жөнінде нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды. Әрбір еркін экономикалық аймақтардың лайықтылығына талдау жасап, олардың жаңа жұмыс модельдерін әзірлеу қажет.

– Өздерінің Арнайы экономикалық аймақтарын нақты дамытумен айналыспайтын әкімдердің жағдайы қыл үстінде тұрғанын атап өткім келеді. Біз ондай аймақтарды жабамыз және оларға бюджет қаржысын шығындамаймыз. Біз бұл проблеманы тез арада шешуіміз керек. Экономиканы қайта қалпына келтірудегі инвестицияның екінші көзі – банктердің несиелері және қор нарығы. Бірақ ол да ақсап тұр. Инфляцияның орнықты төмендеуі, инфляция мен девальвацияның тұрақтануы – ақша-кредит саясатын жұмсартудың маңызды шарты. Сондықтан Үкімет пен Ұлттық банк инфляцияны 2021-2022 жылдары 4-6 пайызға қайтарып, 2025

жылы 3-4 пайызға дейін төмендетуі керек. Қаржы секторының орнықтылығы – экономиканы дамытудың анықтаушы факторы, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды міндет болып отыр. Өткен жылы халықтың табысы азайған кезде азық-түлік бағасы арзандай түсудің орнына, керісінше, қымбаттаған. Мемлекеттік органдар тарапынан бағаларды ұстап тұру, оның ішінде сауда желілерін жеңілдікпен несиелеу және сауда үстемелерін орнату сияқты қабылданған шаралар оң нәтиже берген жоқ. Әлеуметтік маңызды бар азық-түлік бағасы 11 пайызға өсті. Оның жалпы инфляцияға қосқан үлесі 60 пайыздан асты. Үкімет жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында нарық тетіктерін негізге ала отырып, іс-қимыл жиынтығын әзірлеуі тиіс.

Сонымен қатар Президент Жер кодексінің кейбір нормаларына жарияланған мораторийдің биыл аяқталатынына назар аударды. Осыған байланысты Үкіметке Жер комиссиясының жұмысын қайта жандандыруды және қараша айына дейін түзетулерді қабылдауды тапсырды. Ұсыныстар байыппен талқыланып, нақты шешім қабылданып отыр.

– Жайылымдар мәселесіне арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерлер, ең алдымен, ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы керек. Жергілікті әкімдіктер жұмысты дұрыс ұйымдастырмай отыр. Соның салдарынан, ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қиналуда. Әсіресе, Алматы, Түркістан облыстарынан арыз-шағымдар көп түсуде. Жайылымдардың 99 пайызы шаруа қожалықтарының иелігінде. Алайда, оның 36 пайызында ғана мал жайылады. Қалған 46 миллион гектар жайылымдық жер бос жатыр. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін осындай жайылымдарды қайтарып алуды тапсырамын. Оны ауыл тұрғындарының игілігіне берген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су ресурстарын сақтап, тиімді пайдалануды ұлттық қауіпсіздік пен орнықты дамудың кепілі екенін айтты. Осыған орай мемлекеттік органдардың алдында су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жобаны қабылдап, қаржыландыруды жеделдету міндеті тұр. Экология мәселесі Үкімет пен қоғамның ұдайы бақылауында болуы керек.

– Қоғамдық бақылау құралы ретінде интерактивті карта дайындау қажет. Сол арқылы экология саласында атқарылып жатқан жұмыстардың барысы мен тиімділігін қадағалауға болады. Үкіметке 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасын әзірлеуді тапсырамын. Әсіресе, қоршаған ортаны қорғау ісіне қажетті барлық көрсеткіштерді цифрландыру – маңызды міндеттердің бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазақстандықтардың баспана мәселесін шешу үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану жөніндегі бастамаға да тоқталды. Ендігі кезекте тұрғын үй нарығындағы дүрмек пен бағалардың өсуіне жол бермеу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Президенттің пікірінше, мемлекеттік органдар тұрғындар мен құрылыс компанияларының басшыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алып-

сатарлық операцияларға шектеу қоюы керек. Үкіметке екі апта ішінде тұрғын үй саясатын жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар топтамасын енгізу жөнінде тапсырма берілді.

Денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесі ерекше бақылауда. Пандемия кезінде аталған жүйе күрделі сынақтан өтіп, саладағы барша олқылықтар айқын көрінді. Өткен жылы 156 ана өлімі тіркеліп, өлім-жітім 2,8 есеге артқан.

– Үкіметке облыс әкімдіктерімен бірлесіп және кәсіби қауымдастық мүшелерін тарта отырып, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында инвентаризация жүргізуді тапсырамын. Бұл ретте, босандыру және жансақтау бөлімдеріне, олардың медициналық жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен, қажетті бұйымдармен қамтамасыз етілуіне басымдық беру керек. Бас Прокуратураға осы мәселе бойынша іріктелген тексеру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Оның қорытындысы бойынша кінәлі адамдарға қатысты шара қабылдау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінгі жағдайдан сабақ алуымыз керек. Пандемияның басталғанына бір жыл болды. Жинақталған тәжірибені ескере отырып, әрекет ету қажет. Үкіметке «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, бір айдың ішінде эпидемияға қарсы шараларға теңдестірілген тәсілді қамтамасыз ету мақсатында иммундық мәртебе туралы ақпарат қамтылатын QR кодтарды енгізу мәселесін пысықтау тапсырылды.

– Әрине, жаппай вакцинациялау дағдарысты еңсерудің нақты әрі жүйелі шарасы болып отыр. Оны сапалы өткізу үшін барлық жағдай жасалуы қажет. Дайындық жұмыстарын зерттеу кезінде вакцинаны сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтарының қажетті көлемі жетіспейтіні анықталды. Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Түркістан облыстарында аса күрделі жағдай қалыптасып отыр. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, дайындық жұмыстарын толық қамтамасыз етіп, 1 ақпаннан бастап жаппай вакцинациялауға кірісуді тапсырамын. Отандық вакцинаның тестілеуі оң қорытынды береді деп үміттенеміз. Осы ретте, өзін отандық екпе ектіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы оқушылардың білім сапасының халықаралық бағалауына да назар аударып, мектептердегі білім сапасының жүйелі түрде нашарлағанын айтты. Сондықтан бұл салаға түбегейлі өзгеріс керек.

– Бүгінде оқу бағдарламасына жаңа пәндер енгізу жөнінде ұсыныстар өте көп. Соңғы он жылда 9 пән енгізілген. Білім беру – тәжірибе алаңы емес. Мұның бәрі негізгі пәндерге бөлінген сағаттың қысқаруына әкеп соғады. Соның өзінде елімізде оқыту жүктемесі тым жоғары – 67 сағат. Ал Финляндия мен Оңтүстік Кореяда оқыту жүктемесі – 39 сағат, АҚШ-та – 55 сағат. Шәкірттерді оқыту мен басқа да дамыту шараларының арасында тепе-теңдік болуы аса маңызды. Әлемдік үдерістерді ескере отырып, математика, тіл менгеру және информатика секілді пәндерге ерекше басымдық берген жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндері бойынша бірыңғай оқулық әзірлеп, оны енгізу керек. «Nur Otan» партиясының сайлауалды тұжырымдамасында 2025 жылға дейін жаңа 800 мектеп салуға уәде берілген. Президент осы жұмысқа шұғыл кірісуді және биыл 200 жаңа мектеп салуды тапсырды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша азаматтардың өтініштерімен жұмыс жасауды қайта жаңғырту маңызды деп санайды. Өтініш берушілермен жұмыс жасаудың сапасын арттыру үшін «Е-өтініш» жаңа ақпараттық жүйесін және «Нәтиже» орталықтарын ашу тапсырылды. 1 шілдеге дейін жүйе барлық мемлекеттік органдарда іске қосылуы тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында ең басты міндет – азаматтардың өмір сапасын жақсартып, табыстарын арттыру екенін тағы да атап өтті. Мемлекеттік органдардың әрбір шешімі, әрбір әрекеті экономиканы дамытуға және халық игілігіне бағытталуға тиіс.

akorda.kz



# «АДЫМДАЙМЫН КӨШЕСІНДЕ АТАМНЫҢ...»



Әли аулаға айғайлай кірді:  
– Әже, әже!

Бакытқан қолындағы затын жерге тастай салып, немересіне қарай желе басып қарсы жүрді. «Қалалық неме әлденеден шошынып қалған жоқ па?». Ана байғұстың уайымы осы ой ғой бағғы...

– Не болды, жаным?

– Әже, атамның атын жазып қойыпты ғой... Көшеге... Неге?

«Үн» деп, терең дем алған әжесінің көңілі орнына түсті. Сөйтті де, немересін жетектеп әкеп, еңселі үйлерінің биік бұрышына орнатылған гранит тастаны көрсетіп: «Ана жазуларды оқышы» деді маңғаздана. Тақтада: «Бұл үйде 1961 – 1980 жылдары соғыс және еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы өндірісінің білікті ұйымдастырушысы, жаңашыл-рационализатор Ахметқали Нұрахметұлы Қасымбеков тұрған» деген жазу бар еді.

Әжесі Әлиге осы жазбалардың мәнін терең түсіндіре келе, жаңа ғана ол көшеден көріп келген «Ахметқали Қасымбеков атындағы көше» деген жазудың да сырын айтып берді. Сол-ақ екен:

– О-о, менің атам герой болған екен ғой. Мен де батыр болам! Қазір сол көшеде «шағаттап» келем, – деп ұмтыла берген немересін қолынан шап беріп ұстап тоқтатты.

– Токта, сабыр ет. Атаңның мұндай атакты болуы – бәріміз үшін зор мақтаныш, балам! Біз барлығымыз соған лайық болуымыз керек. Сендер оқуларыңды жақсы оқып, тәртіп сақтап, атаң сияқты өзгелерге үлгі болуға

тиіссіндер. Осыны ұмытпа! – деді нықтай. Әли болса:

– Құп болады, генерал әже! – деп көтеріңкі дауыспен қолын шекесіне қоя «честь» берді де, көшеге қарай көңілдене жүгіре жөнелді.

Иә, «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» деген осы болар, сірә! Жалпы, ел үшін ерен ерлік пен еселі еңбектің үлгісін көрсеткен аға ұрпақтың есімдерін ешқашан елеусіз қалдырмауымыз қажет екендігі жөнінде жиі-жиі айтып жатамыз. Дұрыс! Бұл – тәрбие құралы, жас ұрпақты туған ел мен жерді сүйеге баулудың, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің өшпес өнегесі. Осы тұрғыдан таразылағанда соғыс және еңбек ардагері Ахметқали Нұрахметұлы Қасымбековтың жарқын тұлғасы таудай асқақ, теңіздей шалқар.

Ахметқали Қасымбеков 1925 жылы Талды ауылында дүниеге келген. Әжесі – Қасымбеков Нұрахмет, шешесі – Қасымбекова Несіпті. Әжесі Нұрахмет 1937 жылы «халық жауы» деп ұсталып, Қиыр Шығысқа жер аударылған. Тек 1962 жылы ғана «кінәсіз» деп ақталған. Жас Ахметқали сегізінші класты бітірген соң оқуын жалғастырып, бухгалтерлік білім алады. 1942 жылдан 1943 жылдың қыркүйегіне дейін Жамбыл атындағы колхозда қатардағы жұмысшы болып істеп, 1943 жылы қыркүйек айында өрімдей он сегіз жасында әскер қатарына алынып, соғысқа аттанады. №37 атқыштар полкі құрамында 1 Беларусь майданында соғысқа қатысады. Қан майдандағы қаһармандығы үшін «Даңқ» орденімен наградталады. «Германияны жеңгені үшін», тағы басқа да медальдарды кеудесіне жарқырата тағады. Алайда, 1945 жылы 23 сәуірде оң көзінен ауыр жараланады. Бірақ, сонда да қаруын қолынан тастамай, соғыстың соңғы сәттеріне дейін шайқасады. Туған елге тек 1948 жылдың ақпан айында оралады.

Соғыста ерлігімен көзге түскен ол бейбіт еңбекте де белсенділігімен танылған. Елге келген соң 1948 жылдан бастап өзі жұмыс істеген Жамбыл атындағы колхозда ферманың есепшісі, колхозда хатшы, кассир, мал шаруашылығында есепші болып, әртүрлі жұмыс істеген. 1957 жылы Талдықорған қаласында бухгалтерлік курста оқып, білімін толықтырғаннан кейін колхозда бас бухгалтер болған. Одан соң ұзақ уақыт бойы Жамбыл колхозы төрағасының орынбасары, ауылдық Кеңестің төрағасы, тағы басқа да лауазымдық қызметтерді абыроймен атқарды.

Ахметқали Қасымбеков өндірісте өндіре еңбек ете жүріп, өздігінен қарым-қабілетін жетілдіруден де жалықпаған. Арнайы инженерлік білімі жоқ болса да, табиғи талантының арқасында ауыл еңбеккерлеріне көп көмегін тигізетін жаңалық ашқан. Ол ойлап тапқан «Қойларды күпкіге салу қондырғысы» үшін 1969 жылғы 13 ақпанда СССР Министрлер Советі жанындағы Жаңалықты ойлап табу және ашу істері жөніндегі комитеттің №242322. авторлық куәлігін алған.

Ауыл шаруашылығын дамытып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқанының нәтижесінде ол «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталып, көптеген грамота, дипломдарға, бағалы сыйлықтарға ие болған. 2005 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына орай өзі туып-өскен, еңбек



еткен Лесновка ауылындағы көрікті бір көшеге салтанатты түрде есімі берілді.

Жұбайы марқұм Ұзақова Құлпаран да мінезі байсалды, жұртқа жағымды, аналық жүрегі кен аяулы жан еді. Екеуі 1953 жылы тұрмыс құрған.

Осы арада Ахметқали ағаның немерелес інісі, доцент, өнертану профессоры, ЮНЕСКО жанындағы өнер сыны және зерттеушілер ассоциациясының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» Байтұрсын Өмірбековтың бір естелігі еріксіз ойымызға оралып отыр:

– Әлі есімде, Ахметқали ағам бірде мені Панфилов педучилищесіне арнайы

ертіп барып, болашақ жеңгеммен таныстырды. Көре көзге алма ағаштың гүліндей үлбіреген аяулы жан екен. Мінез-құлқы да бірден ұнады. Жылы шыраймен қарсы алып, тез шүйіркелесе кеттік. Содан бері алпыс жылдан астам уақыт өтсе де, арамызда осынау сыйластығымызға сызат түсіп көрмеді, – деген еді қайраткер ағамыз Құлпаран апамызды ақтық сапарға шығарып салуға арналған қаралы митингінде тебірене сөйлеп тұрып.

Иә, Ахметқали аға мен Құлпаран тәтеміздің отбасы осы өңірдегі ең өнегелі жанұялардың бірі ғана емес, бірегейі болды. Отбасыларында он перзент дүниеге келді. Тәтеміз енесі Құлжамал әже екеуі балаларын балапандай баға жүріп, колхоздың қызметінен де қалмады. Алдымен 1975 жылы СССР Жоғары Кеңесі Президумының Жарлығымен «Батыр-Ана» атанса, еліміз егемендік алған соң омырауына жарқырата «Алтын алқа» тақты.

Тамырын тереңге жіберіп, жапырағын кенге жайған алып бәйтеректей бұл әулеттен тараған ұрпақтың өзі қазір бір қауым ел. Дулат, Болат, Әйгерім, Бағдагүл, Батырғали, Манарбек, Бағайым, Нұргүл, Ерғали, Жанаргүл

сияқты өздерінің төл ұл-қыздары мен ең үлкен Баян есімді қос келіні, қазір қара шаңыраққа ие болып, әулеттің бейіл-берекесін молайтып отырған Бакытқан Жартыбаева, сондай-ақ, Фарид, Гауһар, Қарлығаш сынды келіндері және Әділет, Нұрәділ, Рапық, Нұрбай, Ерлан тәрізді күйеу балалары да бұл мерейлі отбасының мәртебесін биіктетуге әркез бейіл. Бұлардан тараған ұлдар мен қыздардың, олардан өрбіген немере, шөбере, шөпшек, жиен, жиеншарлардың ардақты атасы Ахметқали мен аяулы апасы Құлпаран салған асыл арнадан ауытқымасы анық.

Нұрсұлтан НҮРӘДІЛҰЛЫ

## МАНАПҰЛЫНЫҢ МӘРТЕБЕЛІ МАРАПАТЫ

Ерғазы Манапұлын газет оқырмандарына тәпшітеп таныстырып жатудың өзі артық. Алайда, «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба?» деген ғой, арда азаматтың абырой-атақтарын осындайда бір түстеп айтып, түгендеп қойсақ еш айыбы болмас. Ол – ақын, ғалым, журналист, педагог, баспагер, қоғам белсендісі. Нақтырақ айтсақ: Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Әбдіраштың Жарасқаны атындағы республикалық әдеби сыйлықтың лауреаты, облыстық және республикалық жыр мұшайралары мен публицистикалық шығармалар байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы әрі жүлдегері, «Тансәрі», «Көңілімнің қобызы», тағы басқа да жыр жинақтарының авторы, «Ел Назар» атты республикалық журналдың бас редакторы, аймақтық «Орбұлақ» және «Ұстаз әдістемесі» газеттері директорлар кеңесінің төрағасы, педагогика ғылымдарының магистры. Бастапқыда суретші болуға талпынып, содан соң мұғалімдікке машықтанып, түптеп келгенде, журналистік жолға біржолата бет бұрған, осы мамандықтардың барлығы бойынша арнайы жоғары білім алған Ерекең еңбек жолын ең алдымен өз ауданында педагогтық жұмыстан бастады. Одан кейін Алматы облыстық Білім басқармасында бас маман болып қызмет етті. Қазір Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері.

Негізі, нәпақа тауып, нан жеп отырған қызметі мен шырайын ашып, атағын шығарып жүрген шығармашылығы оның қос қанаты секілді. Қызметіне кіршік келтірмей атқара жүріп, басыбайлы



басылымдарының істерін де ілгері бастырды. Жүректен шыққан жырларын жинақтап, төл кітаптарын да өмірге әкелді. Әбен Дәуренбеков, Токбай Исабеков тәрізді ағаларының артында қалған мұраларын жинап, «Аманат» және «Мен елімді жырлаймын» атты жинақтарды да жарыққа шығарды. «Орбұлақ» газетінің шыққанына бес жыл толуы мерейтойына орайластыра ауданда облыстық дәрежедегі кең көлемді кешенді мәдени-бұқаралық ірі шараны жоғары деңгейде өткізіп, жазиралы Жаркенттің әдебиет пен өнер, сондай-ақ, бейнелеу саласындағы туын биіктен желбіретті. Сөйтіп, бүкіл жерұйығы Жетісудың талапты өрендерін жинап, Елтінді, Бағай, Бөлек, Сатай, Аралбай, Әтіке, Нұржеке, Сабыр Рақымов. Хамит Көбіков сияқты батырлар мен Қожбанбет, Дөнен, Малдыбай, Мұқа, Салпық,

Стамшал сынды би-болыстардың, Әбілхан Қастеев пен Дәнеш Рақышевтай сурет және өнер дарабоздарының, Әбілмәжін Қасымбеков, Әлімжан Бақтаев, Күләш Айтжанова, Әділшайық Ыбыраймолдаев тәрізді ерен еңбек иелерінің, тағы басқа да жаркенттік жайсандардың атындағы жүлде тігіп, ел перзенттерінің есімдерін ұлықтатты. Бұлардан тыс, қасиетті топырағымыздан түлеген қаншама қарапайым еңбек адамдары мен мәдени-әдеби шығармашылық саласындағы марқасқаларымызды, саясаттағы саңлақтарымыз бен спорттағы сайыпқырандарымызды қаламның күшімен – қаламұшымен халыққа кеңінен таныстырып, мерейін үстем, мәртебесін биік етті. Жалынды жырымен, пәрменді публицистикасымен жазуға құштар қаншама жаркенттік ізбасарларының жүректеріне от беріп, талабына қанат бітірді. Туған топырағының тұмса табиғатын да өлеңдеріндегі суреткерлік сипатымен, лирикалық лебімен өзі де тамсана, өзгелерді де тамсанта жырлаған мұндай таланттың өскен ел, өскен жерге деген өлшеусіз махаббатына тек тәнті болудан басқа әбдің қалмасы хақ!

Бұған қоса, осындай оғланына жақында «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» атағын берген жаркенттік ел-жұртқа да еріксіз жүрегің жарыла риза боларың тағы анық. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деген ғой.

Нұр ӘДІЛ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.

(Басы 1-бетте)

Жүсіпті ергесінде біргедірі ауылдың желкесіндегі жүгері қосына жұмсады. Кешке Алматыдан көмекке студенттер келмек екен, соларға төсек-орын тасытты.

Ұлдарға арнап қазармаша ұзыннан салған үлкен үйді үш жігіт түс әлетінде тазалап бітіп, енді есік алдын сыпырып-сыйырып жатқанда студенттер келді. Қорап автобустың ішінен он екі жігіт, жеті қыз, олармен ауылдың біргедірі бірге шықты. Келе жұмысқа кірісіп кететін кісіше бәрі үстіне жинсі шалбар, шалак жеңді тықыр жеиде киіпті. Ұлы мен қызының киінісінде айырма шамалы. Төсі мен бөкесінде бір бөлектік байқалмаса, шаш қойыстарына қарап ұл-қызын ажырату мүмкін емес. Бәрі бірге келген адамдар құсамай, бірін-бірі жаңа көріп тұрғандай ұлап-шулап, қостың басын бір сәтте-ақ азан-қазан қып жіберді. Еркектің бірі бастық екен, сол, әйтеуір, айғайы мен ойбайын сала жүріп әрең тәртіпке шақырды.

Ауылдың үш жігіті түсік тамақты студенттермен бірге ішті. Бұлар ауылшаруашылық институтынан боп шықты? Көбі агроном, тек Тілеу, Орынбай, Демесін деген үш жігіт қана механикалық пәкултеттен екен.

– Маған комбайн берсе, қатып кетер еді, – деді бидай өнді, балуан денелі Тілеу деген жігіт. Жүсіпке ол өзі құралпас ересек жігіт көрінді. Жағындағы қаума сакалын құлағының сырғалығына дейін түсіріп, ұшын сәндеп үшкірлей қырыпты. Бидай өңін қалың көмірдей мұрты табиғи түсінен гөрі ағартықырап көрсетеді. Түсі игі тәуір жігіт сияқтанды.

– Сен мені көмекшілікке алсаң, тіпті қатып кетеді! – деді Демесін күліп.

– Мені қайда тастайсыңдар? – деді Орынбай қабағын керіп. – Көмекшінің көмекшісі болам ба?

– Сен біздің терімізді сүртіп, сусынымызды тасып тұрсаң, жетпей ме? – деп, Демесін Тілеуге қарап көзін қысты.

– Жігіттер! Қыздар! – Тосын дауысқа дастарқан басындағылармен бірге Жүсіп те жалт қарады: клуб менгерушісі Мәлике екен. Қашанғы әдетінше асығыс. Бірақ өте маңызды іспен жүрген болу керек, қолын шапалақтап, өзін ынта қойып тындауға шақырды.

– Біріншіден, алматылық қонақтар, келулеріңізбен! Қадамдарыңыз құтты болсын! Екіншіден, алдарыңыздағы астарыңыз дәмді болсын! Үшіншіден, бүгін клубта «Хан Аспарұқ» атты кинофильм болады. Төртіншіден, одан кейін қонақ студенттердің құрметіне би ұйымдастырамыз. Соған шақыра келдім сіздерді. Біздің қыздармен сіздің жігіттер, сіздің жігіттермен біздің қыздар танысып, келіңіздер!

– Қашан басталады? – Қыздардың ішінде ең көріктісі осы ақ сары қыз екенін Жүсіп мана автобустан түсіп жатқанда байқаған. Сірә, сауықшылауды да сол болу керек.

– Дал тура сегізде, – деді Мәлике ақ сары қызға бұрыла басын ізеп. Тамақтан кейін Жүсіптер ауылға қайтпақ болды.

– Кешке дейін құр жатқанда не бітіреміз? Ақыр жұмысқа ертең бір-ақ шығады екеміз, мына жігіттермен бірге барып ауылды аралап қайтпаймыз ба? – деді Тілеу біргедірге қарап. Бірақ ол ондай жауапкершіліктен ат-тонын ала қашты:

– Оны өз бастықтарыңнан сұраңдар. Маған таянған тоғызда жүгерінің басында сакадай сай тұрсаңдар болды.

– Тілеу, тоқтай тұрыңдар! Біз де бірге барамыз, – деп, ақ сары қыз наздана тілек айтты.

Жүсіп одан іштей өзінше ой түйді: екеуінің арасында бір жақындық не жаңадан басталып келеді, не бұрыннан бар.

Күндіз студенттердің көше аралағанынан болар, кешке жастар клубқа көп жиналды. Сырттан келгенді сынауға, өзін оларға сынауға Ақжасықтың ұл-қызы айрықша зауықты. Әзіл-қалжың, ойын-сауық олардың жерік асынды.

Ләзәт жұрттан ұялып, Айгүл екеуі Жүсіптің жанынан аулағырақ отырған. Екеуі сол сәт сырттан жапырлай, тобымен кеп кірген қонақ студенттердің ортасында қалып қойды. Отырып үлгірмей жатып тиісіп, Ләзәттің оң жағына келген студент бірден сөзге көшті:

– Сәлеметсіз бе? Орынбай, – деді қолын ұсынып. – Ләзәт. – Қыз ұсынар-ұсынбасын білмей, бөгеліп барып қол созды. Қолын Орынбай оңайлықпен қоя бере қоймады, ұстап тұрған бойы тағы сөйлеп кетті:

– Алматы ауылшаруашылық институтының механикалық пәкултетінде оқитын төртінші курс студенті. Сіздің Ақжасық аулына астық жинауға көмектесе келген жүз тоқсан студенттің бас бәрі бірі.

– Әй, ақыр айтқан соң, бас қолбасшысы демедің бе? – Аржағында отырған мұртты жігіт мырс етіп күлді. Біргедірі дегені әзіл мақтан екенін Ләзәт сезе қойды да сөзіне қарай сөз жұптады:

– Әбитуриенттен ары аса алмай Алматыдан ауылға бір апта бұрын қайтып келген, ауылдағы ең алдыңғы қатарлы шопыр Токтарбек деген кісінің оқуы да жоқ, тоқуы да жоқ кенже қызы.

– Өлгі әріде отырған мұртты жігіт тағы әзіл тастады:

– Қарындас, бұл Орынбай ағаңның бір сөзіне сенсең, екі сөзіне сене көрме, айналайын. Өйткені кейін, бәрібір, өтірігі шығып, оның аяғы ағаңның өзіне оңай тимейді, сондықтан әу бастан-ақ сеніп ауре болмағаның жақсы.

– Әй, Тілеу, досын қызға жамандаған жігітті қазақ қалай деп атайтынын білесің бе?

– Ойбай, Ореке, жамандады деген жаман сөзді қайдан шығардың? Бұрмаламай, шындықты шындық күйінде жеткізгенім үшін де жазықтымын ба?

– Өтірік болсын, шын болсын, жеткізуге тиіс емес нәрсені жеткізгенің үшін, бәрібір, жазықтысың. Біздің құпиямызды қыздарға ашуға қандай қақың бар?

– Енді, Ореке-ау, өтірікшілігіңнің құпия екенін айтып, өз сырынды өзің әшкерелеп алдың ғой құдай атып.

– Сөйттім бе? – Орынбайдың сасып қалғандай әртістік кейпіне Айгүл мен Ләзәт сықылқықтай күліп еді, айналадағы ауыл адамдары жалт қарасып, жалтақтасып қалды.

– Мен өз миссиямды осымен орындадым, ар жағын қарындасың өзі біледі, – деді Тілеу тіктеле алдына қарап отырып жатып.

– Ей, ол не қылған миссия?

– Мақсатым – қарындасың конкурсынан сені мүлде шығарып тастау болатын, сол мақсат ойдағыдай орындалды дегенім ғой.

– Ой, оңбаған, арамын-ай, ей! Ләзәтжан, мынандай арам жігіттің өзі де конкурсыңнан ендігі серең етіп ұшып кеткен болар, ә?

– Қыз әдемі әзілге риза болып, өзі де әзіл айтты:

– Иә, аға, сіз зыран етіп едіңіз, о кісі серең ете қалды.

Олар қосыла күлген сәтте лып етіп шам өшті де «Хан Аспарұқ» басталды. Ләзәт қараңғылықты пайдаланып, қасындағы Орынбай мен Тілеуге ұрлана көз тастады. Орынбай экранға үніліп, ал Тілеу ол да Ләзәтқа тесіле қарап қалған екен. Қыз әдейі емес, әншейін бұрылған кісіше бетін тез аударып әкетті. Бірақ, неге екенін, жігіт бұған ба, жоқ басқаға ма, кімге сонша тесіле көз сап отырғаны тағы бір зер сап анықтай түскісі келе берді. Соны анықтамаса, дәп қазір содан үлкен нұқсан тартатындай-ақ өз-өзінен мазасы кетті. Ақыры бетін бұрмай, ұрлана көз қиығын

# ҚЫЗ СЕЗІМ

(әңгіме)



салып, әлі Тілеудің сол тесілген қалпы қозғалмай отырғанын көрді. Қызды енді қорқынышқа жақын жұмбақ бір сезім биледі: ойыны ма, шыны ма мына жігіттің?!

Кинофильмнен кейін кілең жастар өзгелерден кейіндеп, өз-өзінен іріктеле берді. Арғы жағын Мәлике үйреншікті жолмен өзі үйіріп әкетті. Алғашқы биге Ләзәтті Жүсіп шақырды. Оның иығына қолын соза беріп, әдемі ақ сары қызды Тілеудің өзі сонадайдан барып биге шақырғанын қыздың көз қиығы шалып үлгірді. «Ә, – деді іштей сыр түйіп. – жан сүйерің қасында жүрсе де басқаларға тесіліп қарай беретін қу екенсің ғой».

Үшінші би басталған сәтте Тілеудің өзіне қарай тура тартып келе жатқанын байқап, Ләзәт жалма-жан жанында тұрған Жанан деген жігітті ортаға тартып билей жөнелді. Жасы кіші аталас жігіт әпкесінің қылығын ерсі көрген жоқ, ініге жасаған ілтипаты шығар деп ойлады. Тілеу алайда тоқтап, тосырап қалмай, түкті де түсіне алмай дағдарып тұрған Айгүлмен биледі де кетті. Оның өйтіп сыр беріп саспағаны, бір түрлі, Ләзәттің шамына тиді.

Ұрлана зер сап, әр қимылын аңдып, назары тек Тілеуге ғана ауып кеткенін бала қыз байқамады. Әккі санап, жігітті іштей жақтырмай тұрған-ды, бірақ неғып қайта-қайта көзі түсе беретінін өзі де түсінбеді. Жас бойжеткен сөйтіп жүріп, кенеттен-кенет Жүсіпке ренжіп қалды.

Оның бар жазығы билеп жүріп: «Жүрші, далаға шығып кетейік!» – дегені өзінсініп. «Елдің көзінше ме? Сен тек өз жағдайыңды ғана ойлайсың. Мені ұятқа қалдыратыныңды неге түсінбейсің?» – деп, шап етіп бұртпа қойды. Дәл сол сәтті аңдып тұрғандай сап етіп, келесі биге Ләзәтті Тілеу шақырды.

– Атыңның Ләзәт, Токтарбек деген кісінің кенже қызы екендігі естідім, менің Тілеу екенімді, Орынбай ағамен бірге оқитынымды сен де біліп қой, – деп, жігіт бірден батыл, еркін сөз бастап кетті. Көп ұзамай-ақ көңілін білдіре бастар деп күтіп еді, Тілеу бірақ өйтпейді; ауылдың жағдайын, мұндағы елдің қысы-жазы немен айналысатынын, қай ру, қай атаға жататынын сұрап, бәрінен бұрын Ақжасықтың арғы-бергі тарихын қазалады. Бір бидің үстінде біте қоймаған соң, желісін үзбей, екеуі әңгімесін келесі біте жалғастырды.

– Сізге Орынбай аға кектене қарап тұр, – деді Ләзәт Тілеудің тамырын басып.

– Досыңыз қасыңызға айналып кетіп жүрмей ме?

– Орынбай ма? Жоқ. Ол өйтпейді. Кекшіл адамда ешқашан үлкен мәдениет болмайды. Өйткені мәдениеттің ең басты негізі – басқа адамды сыйлау, өзі сияқты кез келген тіршілік иесін сыйлай білу. Ондай адам, қолынан келсе, кісі өлтірген кісіге де қиянат жасамауға тырысады. Мұның да кісі өлтіруінің бір себебі бар шығар деп, түсінгісі кеп тұрады. Ал кекшіл адамның басты мақсаты – басқаның көзін құрту, өзін өзгеге қайтсе де мойындату. Ондай адам өз қуанышынан бұрын басқаның қайғысына қуанады. Ал біздің Орекең ондай адам емес. Төрт жыл болды бірге оқығанмызға, оның біреуге кектеніп, әлдекінің қызығы мен қуанышын қызғанған кезін көрген емеспін. Өзіне талай жамандық жасаған жігіттерді де кешіре білді ғой. Ондай жігітті, Ләзәтжан, күллі Қазақстаннан іздеп таба бермейсің.

Жүсіп құсап бұл да Ләзәт дегенді екі «зы»-мен айтты. Және бір түрлі еркелетіп айтты. Өзінің әдемі ақ сары қызы бар болғанын, мұны, сірә, Орынбай досына ыңғайламақ қой. Өйткені оны өлгенше мақтауы жаман. Би тоқтап, екеуі шеттеу барып тұрды.

– Айгүл сенің ең сенімді досың ба, Ләзәт?

Қыз не дерін білмей састы: «иә» десе, онысы, әрине, өтірік; ал «жоқ» десе, жақын жүретіндіктерін жасырғаны сияқты.

– Шынымды айтсам, – деді қиналып, – аса сенімді досым жоқ-ау деймін. Айгүл екеуіміз жаңа-жаңа жақындасып жүрміз. Олар Ақкүдз деген ауылдан былтыр ғана көшіп келді.

– Қыздың ең сенімді досы жігіт те бола алады ғой, жігіттен де жоқ па?

Жігіттің тым тура шабуылы жынына тиіп: «әуре болмаңыз, жігітім бар», – дегісі келді. Бірақ сыпайылап:

– Бар, – деп қана қысқа қайырды.

– Кім ол? Осында жүрсе, көрсетші!

– Осында, бірақ көрсетпеймін.

– Көрсетпесең де білем.

– Кім? Білсеңіз, айтыңызшы!

– Жүсіп, Таптым ба?

– Неге олай ойлайсыз?

– Өйткені одан ылайықты ешкім жоқ, әдемі жігіт. Жүріс-тұрысы да ұнамды.

– Өтірік мақтап тұрған жоқсыз ба? Сіз оны әлі білмейсіз, танымайсыз да ғой.

– Мана қоста таныстық, бірге тамақтандық, біраз әңгімелестік. Кез келген жақсы адам бір көргенде жаман жақтарын жасыра біледі ғой, әрине. Өйткенмен алғашқы әсер көбіне алдамайды, менің білуімше, жігіттің жаман болмауы керек. Өзің бірақ онша емессің.

– Оны байқағаныңызға рахмет.

– Ләзәт, – деді Орынбай келе қолынан ұстап, – менімен бір билеген қыз өмір бойы бақытты боп өтеді. Саған да бір бақыттылық сыйлағым кеп тұр.

– Ондай сыйдан есі бар қыз қашпайды ғой, аға. – Тілеумен әлі де әңгімелесе түскісі бар еді. Оның арзан қылжаққа бұрмай, жөндем сөз өрбіткені қыз жанына жақты. Әсіресе, өз досы Орынбайды сонша қорғағаны ұнады. Досына да өзін биік көрсеткісі кеп тұратындар осы ауылда көшпенді жүргізбей өріп жүр. Шетінен десе өтірік болатын шығар, алайда екінің бірі сөйтетіні анық.

Тілеу тағы сол ақ сары қызбен билепті. Аузы аузына тиіп кете жаздап, екеуі, тым жақындап сөйлеседі.

Бірдеме деуге ыңғайланып, Орынбай құлағына еңкейе бергенде, әлдекім қызды ту сыртынан итеріп жіберді. Сүйіспек кісілерше екеуі еріксіз беттесіп қалды. Билеп жүргендердің бірі байқамай қағып кеткен шығар деп, жалт қараған Ләзәт қабағы түксініп, түрткіп қалсаң, бетінен түгін бұрқ ете қалардай тырынып тұрған Еркінді көріп, көзі тас төбесіне шықты.

– Еркін, саған не көрінді? – Қорыққаннан тізесі дірілдеп, қыз Орынбайға еріксіз сүйенді.

– Болды. Менімен билейсің. – Алдындағы Ләзәтті азар көріп тұрғандай, көзін жыпылықтата жұмып, кіржитіп қайта ашты. Қатты мас.

– Жарайды. Келесіде билейік.

– Жоқ, қазір, – Қолын зорға икемдеп қыздың беліне қарай созды.

– Біз билеп болайық, содан кейін билейсіз, – деп, Орынбай қызды батыл өзіне тартты да билеп ортаға ұзай берді. Ызаланған Еркін артынан тап беріп кеп құлаштай ұрды. Би ырғағымен Орынбай бұрылып кеткенде Еркіннің жұдырығы Ләзәттің тура шүйдесінен тиді. Қыз оқыс шыңғырып жіберді. Тағы отқалып енді Орынбайды ұруға қолын көтере берген Еркінді ту сыртынан кеп Тілеу құшақтай алды.

– Біздің қыздармен кезек-кезек билеп... сендер кімді басынасыңдар? Біз адам емеспіз ба? – деп, Еркін өзінің тиісу себебін түсіндіріп тастады. – Кім, ей, бұл? Жібер!

– Ой, оңбаған, сен Ләзәтті ұрдың ғой, – деп, Тілеудің құшағында тырбандап тұрған Еркінді Айгүл бүйірінен бір түрткіп қалды.

– Оған сол керек. Сауап. Бөтен жігіттермен билемейтін болады. Сені де солай соғу керек. – Айгүлге айбат шегіп тұрған Еркінді Тілеу ұрған да жоқ, боқтаған да жоқ, сол құшақтаған бойда тік көтеріп алды да далаға ап шығып кетті.

Арттарынан ауылдың үш жігіті қоса шығып бара жатқанын көріп, өз жігіттеріне жүре ым жасап, Орынбай да далаға ұмтылды. Айналақтап, қасына жақындай берген Жүсіпті Ләзәт есікке қарай итерді:

– Баршы! Төбелестірмеші!

– Жігіттер, ұят қайда? Ауылға келген қонаққа қай қазақ қол жұмсаушы еді? – деп, Мәлике де айғайын сап далаға қарай жүгірді.

Төбелеске айналып кете жаздаған осы жанжал Ләзәт үшін Жүсіп пен Тілеуді өзінше өлшеп салуыра қарайтын таразы болды. Қалай тура сөйлесе, солай тура істей де алатын Тілеудің батыл әрекеті қыздың есіне еріксіз қайта-қайта түсе береді. Егер ол Еркінді көтеріп әкетпесе, аузына келгенін айтып әбден елді маскара қылары сөзсіз-ді. Онда бәрі, құдай біледі, төбелеспен аяқталатын еді. Шіркін-ай, Тілеудің сол істегенін Жүсіп істесе ғой! Еркінді көтеріп әкетуге оның да шамасы жететін еді. Тек, әттең, тағы не болар екен деп, ол да өзгелермен бірге қарады да тұрды-ау! Тіпті жүгіріп кеп Еркінді соның сүйреп әкететін жөні бар ғой. Әншейінде кеуделері аяқ қаптай, жеме-жемге келгенде жігіттер өз аулының тентегін өздері тыя алмады-ау, тым болмаса! Басқамен биледі деп қыздарды қызғанғанын қайтерсің тағы. Нағыз барып тұрған іштарлық.

Еккен жүгеріні тек техникамен жинап алуға қомбайын жетпейді, сондықтан совхоз қолмен жұлуға да көп күш жұмсайды. Екі-үш күннен кейін елмен бірге Ләзәт та жұмысқа шықты. Айгүл екеуі әйелдермен бірге жүгері жұлатын болды. Ауыл жаңалығын тарату жөнінен әйелдер, тегі, таптырмайтын мамандар болып шықты. Айгүл мен Ләзәт Ақжасықтың күллі оқиғасын солар арқылы елден бұрын естіп алады: таянған бір-бірімен амандасқан сәтте-ақ олар естігендері мен білгендерін бір-біріне лақ еткізіп өз арасында-ақ ақтара салады. «Иә, сенің бүгін неғып шікірейе қалғаныңды білем, – дейді біреуі анау шікірейіп тұрмаса да әдейі тиісіп. – Қызыңды ұзататын бопсың ғой. Құдаң қалталы көрінеді, әкелгенін жалғыз жемейтін шығарсың». «Е, елге бер деп әкелгенін ел жейді, елмен бірге сен де жеісің. Өзіңе ғана дегенін өзін жемей, оған тісің қышымасын, – деп, анау да қарап жатпай, басқа біреуді ол да қарауылына іледі. – Сен ылғи мені қажай бергенше, ана ар жағында тұрған жегенді қыса. Меркідегі қызы мен күйеу баласы қыдырып кепті. Екі-екі шамаданнан үйге әрең көтеріп кіргенін көргендер бар». Енді әйелдер шулап кеп алғи жегеніне жабысады. Ол да жайына тұрмай, әлдекінің құпиясын тағы ашып береді. Сол ретпен ауылдың айтылмаған жаңалығы да қалмайды. Кей-кейде сырт біреулер жайында анық-қанығына көз жетпейтін қиянат сөздер де айтылып кетеді, өсек аталатын әйгілі бәлесі, сірә, сол болса керек.

Алматы студенттерінің кейбір сырын алғаш екі қыз осы әйелдерден естіді. Олардың айтуынша, жұмыстан кейін кешкісін Алматыдан ала келген арақ-шараптарын ішіп отырып, екі жігіт бір қызды бір-бірінен қызғын төбелесіпті де, басы жарылған біреуі қазір Қокталдың ауруханасында жатқан көрінді. Сөзді көбейтпес үшін жасырып, бастықтары өзі жығылып қалды дей салған сияқты. Ләзәт соны естігенді Тілеу мен ақ сары қыздың қайта-қайта билегендерін көз алдына елестетіп, төбелестің себепкері сол екеуі шығар деп күмәнданады. Қызғанбайтын сияқты, бірақ ақ сары қызға қызғығады. Тілеудей тамаша жігіттің теңі болғанына, білім қуып қасында қатар жүргенін, қыздың жүріс-тұрысындағы сенімділік пен еркіндік оқығандықтың әсері екенін түсініп, өзінен артық санап, мойындап, ұсағысы келіп қызғығады. Егер Тілеу ақ сары қызға бола төбелесе, онда деп ойлайды Ләзәт өзінше жорамалдап, екеуінің арасы әлі піспеген, дүмбілдеу нәрсе. Өйткені көп ұзамай үйленетіні анық адамдардың арасына, бейтаныс болса бір сәрі, қасында жүргендер қыстырылыспайды. Ал тіпті олай болмаған күнде, бірге оқитын жолдасына Тілеудің қол жұмсауы, Ләзәттің бағалауынша, оның да аса дархан жігіт еместігін дәлелдейді. Қалайда төбелес шығарғаны қыз жорамалындағы Тілеуге түк те ұқсамайды. Таяқ жеп ауруханада жатқан, бәлкім, Тілеу шығар деген күдік, қыздың ойында қисынсыз нәрсе. Оның бітім тұлғасы таяқ жеп басы жарылатын адамға ұқсамайды. Және, байқауында, оны ұрып жығатындай жігіт ол ортада болмаса керек.

Сол күні кешке Жүсіп екеуінің әңгімесі онша жараспады. Неге өйткенін өзі де жөнді білмейді, жолыққаннан-ақ қыз жатып кеп кінәләй жөнелді.

– Құрғақ уәдемен қарық қылғаныңмен, сен мені шын сүймейсің, – деді салған жерден.

– Ойбай, құдай, оны қалай, құмалақ ашып білдің бе? – Қатты сөздің тігісін Жүсіп қалжыңмен жатқызбақ еді, болмады.

– Бәле-жаладан, зорлық-зомбылықтан қызды алдымен әкешесі қорғайды, – деді Ләзәт үлкендерден естігенін айтып. – Одан қалса, бауырлары, олар жоқ жерде – өзінің сүйген жігіті. Түнеуің сен мені қорғаған жоқсың. Демек, сүймейсің. Бәлкім, сүйе алмайсың. Айдаладағы бөтен жігіт қорғады.

– Мен үлгірмей қалдым ғой, Ләзәт.

– Қойшы, айтқаныңның бәрі – тек сылтау. Менің сүйген жігітім кім өзі: сен бе, Тілеу ме?

– Әрине, мен.

– Ендеше мені неге сүйген жігітім сен қорғамай, қайдағы бір Тілеу қорғайды? Сен мені Еркін сияқты маскүнемнен де қорғай алмасаң, онда ертең кімнен қорғай алады деп сенем? Өз қызын өзі қорғай алмайтын жігіттің несі жігіт? Жарайды,

ол күні Тілеуден бұрын үлгіге алмаған-ақ шығарсың, ертесінде Еркінді неге желкелеп алдыма алып келмедің? Неге кешірім сұраппадың? Көріңген маскүнем елдің көзіңше қол жұмсаң беретіндей кім едім мен саған? Елден естіп, ағаларым ертесі өлтіреміз деді Еркінді, жалынып жатып өзім тоқтаттым. Сен неге өйтпедің? Өлің жетпесе, менімен бірге таяқ жемедің бе?

– Ол сені әдейі ұрған жоқ, қолы жаңылыс тиіп кетті ғой, Ләззәт.

– Маған тимей, Орынбайдың өзіне-ақ тисің, жарайды. Сонда сен оған да ара түспей қарап тұрар ма едің? Әлде қызғанып, Еркінді әдейі сен жұмсаған шығарсың?

– Сен де айтады екенсің.

– Неге айтпаймын? Жұмсамасаңда, «сөзімді біреу сөйлесе, аузым қышып бара ма» деп, шоқ-шоқ дедің де тұрдың ғой, құдай біледі. Шыныңды айтшы, сөйттің бе?

– Қайдағыны айтпашы! Ментіпті сасып қалдым. Екеуімдің арамдызды елге әшкерелеп алам дедім бе, әйтеуір, батылым жетпеді.

– Өз аулыңда тұрып сен сасып қаласың, батылым жетпейді. Бұл ортаға бірінші түсіп тұрған Тілеудің сасып қалмағанына қайран қалам. Өйтпін мені біреу ұрған сайын сасып қала беретін болсаң, бір күні есіңді жиганша өлтіріп те кететін шығар мені.

– Қойшы қайдағыны айтпай!

– Өзің ойлашы, ес білгелі естіп келеміз, оқып келеміз, Қозы да, Төлеген де өз сүйгендері үшін отқа да, суға да ойланбай түсіп кетеді, ал сен бір күн, бір түн бойы ойланып-ақ Еркінге ертесінде: «Оның не, ей?» – деуге жарамдың ғой, осыдан кейін де саған ренжімеуім керек пе, Жүсіп?

Бұлқына басып, ашумен ұзаққырап кеткен Ләззәттің артында аңырып тұрып қалған Жүсіп тағы кешуе қимылдады.

– Ләззәт, тоқташы! Тындашы!

Қыз тоқтамай, тындамай, қапқасын барқ еткізіп ашты да, соңынан сарт еткізіп жапты. Миына сарт еткен дыбыс емес, солқ еткізген соққы тигендей Жүсіп кеткен ете қалды.

«Маған не болды? Не көрдің?» – деп, Ләззәт үйге кірген соң өз қылығын өзі түсінбеді. Жүйелеп ойлай алмай, ары аласұрды, бері аласұрды, үйге сыймай, ақыры есік алдына шықты. Өліп күтіп тұр ма деп, қақпадан шығып Жүсіпті қарады. Кетіп қалыпты. «Сүймейді. Сүйсе, кішкене күте тұрар еді», – деді оны кінәлап. Ақырында өзін-өзі ептеп ұға бастағандай болды: бұған керекті Жүсіптің сүйгені емес, сүймегені сияқты. Бұрынғыдай оның жақсылығын емес, кінесі мен кемшілігін іздейді. Неге өйтпеді? Соңғы күндері Жүсіптен гөрі Тілеуді жиі ойлайтын боп барады, Жүсіп те сондай болса, соған ұқсаса еді.

Кенет Ләззәт өз жүдігінен өзі шошынды: «Мен өзі сол жігітке ғашық боп қалған жұлдыз ба?» Жок деп те, иә деп те өзіне-өзі жауап бере алмады. «Мүмкін емес. Мүмкін емес!» – деді өз үрейін өзі баса алмай сасып. – Бір көрген, әлі жөндеп танымайтын жігітті қалайша сүйіп қалуы мүмкін?» Осы беймаза күйден қашан көзі ұйқыға кеткенше құтыла алмады.

Ертеңгі шайға азар тұрып, үстел басына жаңа отыра берген Ләззәт әкесі мен шешесінің әңгімесіне елең ете қалды.

– Егер әлгі студент жігіт көрмесе, не комбайн басып, не дала қалып, қатып өлетін екен, – деді әкесі.

– О кім, апа?

– Е, әлгі Еркін маскүнем де.

– Оған не бопты?

– Қайдан білейін, өзім де әкеңнен қазір естіп отырмын. Сені ұрғанын естігелі бері сол бөлені суханым сүймейді, қараптан қарап жүріп жек көріп кеттім.

Сұраулы кешкінен дағдарып, қыз әкесінің бетіне қарады.

Әкесі ең шеткі комбайннан жүгері тиіп, қырманға төтелді тартып аңыздың ортасымен келе жатса, ер жақ бүйірінен далбақтап бір-екеу қол бұлғайды. Бұрылмайын десе, біреуінің бір адамды аркалап алғанын байқайды. Қастарына келсе, комбайншы Әбдіде өң-түс қалмаған, студент көмекшісі Еркінді салақтатып арқасына салып алыпты. Еркін ішкен, арақ сасып, кірпілі әрең қимылдайды. Айтуларына қарағанда, комбайншы Әбді айдап келе жатады. Бір кезде көмекшісі: «Ойбай, тоқта!» – деп қолын ұстай алады. Токтаса, комбайнның тұсында әріректе бүк түсіп жүгерінің ішінде біреу жатады. Біреулер өлтіріп кеткен адам шығар деп шошиды. Жанына барып қараса – Еркін. Жараланған, ісінген еш жері байқалмайды, бірақ былқ-сылқ етіп есін білмейді. Сірә, ішіп алған соң, ешкім көрмейді деп, жүгерінің ортасына кеп ұйықтамақ болса керек. Көмекшісі жігіт қарулы екен, дереу өзі Еркінді көтеріп алады да көлденеңдеп бара жатқан машинаға қарай Әбдіні жүгіртеді. Содан Токтарбек пен әлгі студент жігіт екеуі Еркінді Көкталдың ауруханасына апарды. Олардың айтқысы – арақтан уланған.

– Елге сүйкімсіз болса да, әке-шешесінің жалғыз еді, аман болса екен байғұс, – деді апасы жаны ашып.

Ал Ләззәт Еркінді емес, студент жігіттің кім екенін ойлады: «Құдай біледі, Тілеу шығар?» – деді. «Студенттің аты кім? Мұртты жігіт емес пе?» – деп, әкесінен сұрай жаздады.

– Қой, қызым, кетейкі! – деді Токтарбек асықтырып. – Бізге қарап комбайн тұрып қалар.

Шайын асығыс ұрттай салды да Ләззәт әкесінің мәшинесіне отырды. Әкесі оны жолай жүгерінің шетіне тастай кетті. Өзгелерден ертерек келгендіктен, Ләззәт қолындағы қапты астына төсеп, арықтың жағасына келіп отырды. «Еркін байғұсқа менің қарғысым тимеді ме екен?» – деді кенет күдіктеніп. – Шынында, байқамай ұрды ғой».

Біртіндеп әйелдер жинала бастады. Айгүл де келді. Еркіндерге көрші әйел Ләззәттің жаңа ғана әкесінен естігенін: «Еркінді комбайн басып кете жаздапты», – деп әсерлей айтты келе жатты да: «әкесі айтқан шығар, анығын осы Ләззәт біледі», – деп, әңгіменің аяғын бұған ысыра салды. Сол кезде қастарына адам тиіген машина тоқтап, үстінен у-ду болып алматылық студенттер түсіп жатты. Бұл араны жинауды бүгін жедел бітіру керек болып, біргедір өстіп күш біріктіруді ұйғарыпты.

Айгүл мен Ләззәтке сонадайдан қолын көтере сәлемдесіп, Орынбай жылы ұшырай жақындады. Ақ сары қыз да қуана амандасып, бұларды астаналық студенттер көзді ашып-жұмғанша қоршап алды. Іштерінде Тілеу жоқ екенін Ләззәт ә дегеннен-ақ байқады. «Ол комбайнда, кеше Еркінді көтеріп жүрген – сол», – деді жедел ой-жорамал жасап.

Орынбай, Айгүл, ақ сары қыз (оның аты Бақытжамал екен), Демесін деген жігіт – бәрі қатар жүйекке түсті. Бұрыннан таныс-біліс жанша: «Өз ағасынан мен үшін таяқ жеген Ләззәт-ау, шүйденнің ауырғаны басылды ма?» – деп, Орынбай емін-еркін әзілдеді. Ләззәтті бір қойған сол Еркінді кеше өлгелі жатқан жерінен Тілеудің тауып алғанын айтты, басын шайқады:

– Әй, адам табиғаты деген қызық қой, – деді күліп. – Егер кеше Еркін сау жолықса ғой, Тілеу оны, құдай біледі, сол арада бас сап өзі өлтірмек болар еді. Ал оның өлгелі жатқанын көрген соң, қалай тірі алып қалам деп, арқалай сап мәшинеге жүгіріпті.

– Күлме! – деді Бақытжамал қабағын түйіп. – Өлі оның өлітісі белгісіз, бәледен аулақ. Қайта Тілеудің жалғыз болмағанын айтсаңшы. «Өшін алып, өзі ұрып тастапты», – десе, қайтер еді?

«Рас-ау», – деді Ләззәт іштей үрейленіп. Сөз ынғайын басқа арнаға бұрғысы келді. Әрі әзілге әзіл қайтарып, әрі Орынбайдан сыр тартпақ оймен:

– Мені өз ағасы ұрды дейсіз, сіздер де өз жігіттеріңізді өздеріңіз ұрып жығып, ауруханаға түсіріпсіздер ғой, – деді.

– Ойбай-ай, оны да естіп алғансыздар ма? – деп, Бақытжамал бетін басты. – Оған кімсіз – мына Демесін, Мені не өзі алмайды, не басқаға алдырмайды, бекер бағымды байлап жүр.

«Ә», – деп, одан Ләззәт өзінше ой түйді: ол шатақтан Тілеудің аман болғаны. Сол жігіттің ақ-қарасын сырттай естіп ылғи таразылайды. Өзіне еш қайыры тимесе де, әйтеуір, жақсы аты шыққанына тілеулес. Жүгері бітіп, ол да Алматысына қайтар, ұмытылар. Бәлкім, Жүсіп екеуі үйленер. Бірақ Тілеуді бұл үнемі еске алып: «Жақсы жігіт еді-ау!» – деп армандап өтер. Өкініш шіркін ішінде үнсіз өз бетінше сүре берер. Одан басқа бұның қолынан не келеді? Оқымаған, білімсіз Ләззәтті Тілеу, әрине, қайдан сүйе қойсын. Өркімнің өз теңі өз төңірегінен табылатын шығар. Мұның теңі – Жүсіп. Көңіл, сөз жоқ, көктегіні көксейді, қол жетпесті аңсайды. Армандатар себеп болмаса, арман да болмас еді ғой. Тілеуді көрмесе де өтетін өмір еді, құдай соны несіне көрсетті десеңші. Одан да мұны сөйтіп Жүсіпке ұмтылып қойсаңшы! Неге сөйтпейді? Ол да жақсы жігіт, ешкімнен кем емес. Бірақ қыз, сірә, кез келген жақсы жігітті, тіпті ең жақсы жігітті де емес, жаман болсын, жақсы болсын, тек өз көңілі танығанын ғана сүйетін болу керек.

Қыздың табиғатын құдайдың өзі қағажу жаратқан. Қарашы, Тілеудің ойына тұт те кіріп шықпайды, тып-тыныш жайымен жүр, ал бұл оны сырттай аңсап, өзімен өзі әуре-сарсаң. Осы білмеген, сезбеген күйі кетеді ол ертең Алматысына. Қайтып әзделеспейді, көріспейді, бітті. Мәңгі бітеді сонымен. Қандай еділетсіздік!

Піскен жүгеріні жұлып, жұлғандарын бір араға жиып, жүйектің шетіне бұлар жылдам шықты. Бір-бірінің бас-аяғын күтіп сәл аял қылған сәт Ләззәт Бақытжамалдың қасына келіп отырды.

– Сіз қандай бақыттысыз, сізге қызығам, – деді қастарына отырып жатқан Демесінге естірте.

– Е, қызығатындай менен не таптың?

Жүсіптің өзін Еркіннен қорғамағандығын әлі ұмыта алмай жүрген Ләззәт:

– Сізді қорғап, сіз үшін Демесін аға біреудің басын жарыпты. Қорғаушы адамыңыз бар сіз бақытты болмағанда, кім бақытты?

– Е, сіңілім-ай, сол ма бақыттылық деп жүргенің? Онда сен менен де бақыттысың. Сені әнеуегіміз клубта Тілеу қорғады ғой.

Ләззәт қып-қызыл боп кетті: аңдамай сөйлегенін кеш аңғарды. Бірақ Бақытжамалдың: «Сен менен де бақыттысың», – дегенінен Тілеуді оның жақсы көретінін анық түсінді. Үміт пе әлде дәме ме, әлдене көңіл түкпірінде бүлк еткендей болды: әлгі сөзіне қарағанда, Бақытжамал да әлі Тілеуге қолы жете қоймаған қыз. Жүрегі лүпілдеп жиі соғып кетті. Тілеудің сонда «Хан Аспарұққа» қарамай, бұған қарап отырғанында бір сыр бар сияқты. Жылт еткен үміт сәулесі қыз жанын өзгеше күйге бөледі де жіберді.

– Орынбай аға! – деді қуанғанынан, әлі бірақ Орынбайға не айтпағын ойланған да жоқты. Орынбай аға!

– Ләззәтжан, байқашы, жан-жағымызда Ақжазықтың жігіттері жок па? Тағы біреуі желкемізден түйіп кетіп жүрер.

Өз шаттығымен әлек боп тұрған Ләззәт Бақытжамалдың аяқ асты мұнда қалғанын байқамады.

Қайтадан жүйектің басына шыққанда Бақытжамал Ләззәтке ғана: – Сіңілім, менен сен бақыттысың, – деді сыбырлағандай, – Сен жолықпағанда, бәлкім, мен бақытты болатын едім. – Өй деу мәнісін түсіне алмай, Ләззәт бетіне бағжы қарағанда: – Түбінде Тілеу сенікі болатын шығар, – деді күрсініп. – Сол кеш көзің ол сенен ала алмады. Менімен билеп жүріп те екі көзі сенде болды. Бала емеспін, бірдемені білем ғой, Ләззәт.

Қас қағым сәтте қыз көңілін қыруар сезім шарпыды. Қуанды. Қорықты. Үміттенді. Күдіктенді. Бақытжамалдың бет-жүзі бұзылып кеткенін көріп:

– Қойыңызшы! Сіз, тегі... – деп, не айтпағын білмей, өз сөзінен өзі жаңылды.

Совхоз науқан кезінде жексенбіде де жұмыс істейді. Соның қарымтасы болсын дегендей, аптаның аяғы сенбіде Мәлікке тағы би кешін ұйымдастырды. Ол бір ғажап кеш болды.

Студенттерді басқарып келген кісі әріберіден кейін билікті қолына алып, кешті өзі басқарды. Біресе жаппай, біресе бір-бірден, екі-екіден билетті. Студенттерге де, ауылдың қыз-жігіттеріне де кезек-кезек ән салғызды. Өзі баянды да, домбыраны да тәуір тарттады екен. Әнге де қосылды, биге де қосылды. Әйтеуір, концертке бергісіз сауық жасады. Орынбай мен Демесін кезек-кезек күй тартты, Тілеу мен Жүсіп те, Бақытжамал мен Ләззәтте, басқалар да – бәрі ән айтты.

Ләззәтті биге Тілеу үш-төрт қабат шақырды. Жалпы жұрттың ауажайы жақсы болғанына ба, екеуі әуелден-ақ Еркін сөйлесті. Бақытжамалдың әлгі бір сөзі шындық па, жоқ па деген ой Ләззәттің көкірегінде түйін боп тұрған-ды. Соған көз жеткізгісі кеп, үнсіз бақылап, іштей күтуде болды. Екінші рет билегенде барып: – Сенің жігіттің барын білдім ғой, – деді Тілеу бір әңгіме бастағысы келіп.

– Сіздің қызыңыз барын мен де білдім.

– Қой. Өтірік айтпа, мендегі қайдағы қыз? Кім ол?

– Бақытжамал.

– Оны кім айтты жүр? Ол екеуімді осында келерде ғана таныстық қой. Басқа пәкултетте оқымыз, бір-бірімізді бұрын көрмеппіз. Кім саған ондай өтірікті айтты жүрген? Жүсіп пе?

– Оның сізде несі бар?

– Шыныңды айтшы, Жүсіптің шын сүйесің бе? – Ләззәт жауап бермеді. Қалай түсіне солай түсінін деген оймен үндемей құтылғысы келді. Қазір, оның үстіне, Жүсіпті сүйетінін де, сүймейтінін де өзі түсіне алмай жүрген-ді.

– Неге жауап бермейсің, Ләззәт? Мен өз шындығымды жасырмай айтсам, ренжіп қалмайсың ба? – Қыз үнсіз ғана басын шайқады. Жігіт мақұл көргені деп ұқты. – Сенесің бе, жоқ па, Ләззәт, мен сені жақсы көріп қалдым. – Селк етті ме, Ләззәт сүрініп кеткендей болды. Тілеу қызды қысыңқырап бауырына тартты. – Шын айтма, Ләззәт, мен сені сүйем. Жүсіптен ұят екенін, біле тұрып бүйтіп айтуға қакым жоқтығын – бәрін түсінем. Бірақ...

Сол кез әуен үзіліп, би тоқтап қалды. Жігіт әңгімесін жалғастыра алмады. Қыз жауап қатпады. Жауап айтар халі де жоқты. Осы сөзді аңсаған, күткен, алайда енді соны естіген сәт илана алмады, алдап тұрған сияқты.

Үшінші рет билегенде, Тілеу бірден жауап сұрады.

– Аға, – деді Ләззәт жігіттің құшағында азар өзін-өзі билеп. – Өйтпін мені келеке қылмаңыз!

– Қайта мені сен келеке қылма, Ләззәт.

– Мен сізді келеке қып тұрған жоқ, шыным. Бір кеште ғана көрдіңіз, көре сап ұнаттым дейсіз, оған қалай нанауға болады?

– Неге болмайды? Ұнату үшін мың рет көру керек пе?

– Жоқ енді, көру аз, білу керек дегенім ғой.

– Мен сені алғаш көргеннен бері үздіксіз білумен келем ғой, Ләззәт. Әбді ағадан сенің бүкіл ата-бабаң мен әке-шешенің қыр-сырын әбден сұрап білдім. Жасыратыны жоқ, әлі толқып, екі ойлы боп жүргеніңді Жүсіптің өз сөзінен сездім де, содан үміттеніп, күні-түні сен қазір мен жүрген жерде бірге жүресің, бір

сәт есімнен шықпайсың. Әке-шешем, жалғыз баласы болғасын, кішкене еркелеу өсірген, сондықтан кейбір сүйкімсіз қылықтарым сені шошытатын шығар, бірақ сен ойлағандай өтірікші емеспін, Ләззәт. Бар шыным, жан сырымды айтып тұрмын.

Қыз қатты қысылды. Екеуінің сөзі төңірегіндегілерге түгел естіліп тұрған секілденді. Жігіт тым өзіне тартып оны жұрт байқап, ынғайсыз жағдайда билеп жүргендей көрінді. Тура жауаптан тайсақтап:

– Бәрін уақыт көрсетеді, аға, – дегенді әрең айтты.

Оның екіұшты сөз екенін қыздың өзі де, жігіт те жақсы түсінді.

Осыдан он шақты күннен кейін кешкісін, мал қораға кіргенде Токтарбектің екеуі бірге жүріп Еркін келді.

– Ассалаумәлікүм! – деп, алдымен отағасының қолын алды. Түреге томсырап қалған Ләззәтті арқасынан қағып, маңдайынан иіскеді. – Өй, бұл қыз маған өкпелеп жүр дейді ғой, неге өкпелейсің? Мен сені қорғаймын деп, жігіттерге жұдырық сілтеп жүрсем, сен маған өкпелейсің. Атана нәлет арақтың кесірінен жұдырығым жазатайым саған тиіп кетіпті. Кешір, айналайын! Соның жазасы болу керек, өзім өлім аузынан қалдым.

– Жоғары шық! – деді Ләззәттің шешесі ұрайлаңып. – Өуелі отырсаңшы, таудан домалаған тасша тоқтар емессің ғой, тегі.

– Қайдан тоқтаймын, қызыңның қабағы әлі қатқыл, жібімейді.

– Жібиді. Алдына келсе, атаңның құнын кеш деген. Құдай саған ақыл кіргізіп, алдыға келеді деген кімнің ойында бар.

– Иә, десеңші, өзімнің де ойымда жоқ еді. Сол күні шексіз қалатын әлгі Тілеу деген жігіт, өй, өзі бір жақсы жігіт екен, қазір екеуімді кампанбыз, сол айтты: «Қарындасына барып кешірім сұра», – деп. Жөн екен дедім. Хирургияда бір студент жатты, күнде кешкісін жаяу оған тобымен келеді де түнге таман бір-ақ қайтады. Өңгімелесіп, бәріміз бірге отырып жүрдік.

Еркінді Тілеу әдейі, әсер ету үшін жұмсады деп ұйғарды Ләззәт. Орынбай, Бақытжамалдарды жұмыста күнде көреді, ал комбайн алыста, басқа алқапта, Тілеуді сондықтан көруі қиын. Орынбай айтпақшы, адам табиғаты қызық-ау күні кеше ғана Тілеу маған титтей ілтипап білдірмейді-ау деп өкініп еді, енді оның сүйем дегенін естігелі бері, бір түрлі, соған сенгісі келмейді. Біліп, бағалап емес, асығыс, ұшқалақ айтып қалған сөзіндей секемдене береді. «Құдай-ау, тегі, қандай оңбаған қыз едім?!» – деп, өзіне өзі таң қалады: Жүсіптің айтқанына көнбейді, ал Тілеудің айтқанына сенбейді.

Соңғы кезде күнде Орынбай құлағына сыбырлап:

– Бір кісі саған сәлем айтты, – дейтін болды. – «Сағынып жүрмін», – дейді.

– Сәлемет болсын – дейді қыз біреулер естіп қала ма, деп қысылып.

Мәлікке тағы бір би кешін ұйымдастырды. Жүсіп сол күні Ләззәтке ашық ренжіді. «Сен мені алдап жүрсің, Тілеуді сүйесің», – деді ашуланып. «Солай ойласаң, онда өзін біл», – деді қыз да бұлтарма жауаппен қылт ете қалып. Ал Тілеу тағы жалынып жауабын сұрады:

– Енді аз күнде Алматыға аттанамыз, Ләззәтжан. Екіұшты қылмай, жөн жауап берші! – деді.

– Мен екіұшты емеспін, тек сізге сенбеймін, – деді Ләззәт бір сәт ашылыққырап.

– Қалай сендірем? Не істе дейсің?

– Ештеңе істемейсің. Алматыға барған соң бәрін ұмытасыз. Қинамасанызшы! Мұнда жылатып кеткенде сізге одан не түседі?

– Жаным, Ләззәт! Мен сені ұмыта алмаймын, сағынамын. Көзіңнен кеткен соң көңіліңнен де кетіп, қайта алдымен сен ұмытарсың.

– Мен ұмыта алмайтын шығармын. – Қыздың үні бұзылып барып басылды.

– Ұмытпаймын дегенің бе, Ләззәт?! Маған осы жауабың да жетеді, жаным. Тегі, бәрі құрысын, бірге алып кетейінші Алматыға. Көңші соған!

– Біздің ауылда қыз өйтіп жігітке өзі ілесіп кете бермейді. Оның өз жөні болады.

– Барлық жөнін жасайын, тек осы сөзіңнен аянып кетпеші!

– Өуелі Алматыға барып бір-екі ай ойланыңыз. Есіңізден шыға қоймасам, көресіз ғой.

Екеуінің бір-біріне қойған сынағы да, берген уәдесі де сол тұспал сөзбен бітті.

Студенттер Алматыға қайтқан күні Ләззәт үйде жалғыз ұрланып жылады. Тілеуді сонша тез ұнатып қалғанына өзін-өзі жазғарды. Оны өзінің ешқашан ұмыта алмайтынын, көңіліңдегі оның орнын ешкімнің толтыра алмайтынын қыз жүрегі қапысыз түсінді. «Бақытсызбын. Тез сүйдім, тез айрылдым», – деді өз дәрменсіздігін мойындап. Ертең-ақ Тілеудің есінен шығып кететініне астананың у-дуы мұны ұмыттыратынына қыз ішкі өз түсітігімен кәміл сенді. Өкініштісі сол: екі ортада Жүсіптен де айрылды, оны өзінің сүймейтіндігіне біржола көзі жетті.

Арада он шақты күн өткенде, кешкісін Токтарбектің қапқасына Алматылық ақ сұр «Волга» келіп тоқтады. Үйде Ләззәт пен шешесі екеуі ғана-ғын. Қақпадан кіріп келе жатқан Тілеуді көргенде, Ләззәт әуелі жүгіріп барып бас сала жаздады. Іле-шала артынан келе жатқан самайына ақ кірген егделеу еркекке, өз әкесі құралпас ақ сары кісіге, шешесі қарайлас ақ құба әйелге асығыс сәлемдесті де, үйдің есігін ашып:

– Апа! – деді ішке еңкейіңкіреп. – Қона

## ТҮСІНУ ҚИЫН АДАМДЫ

Кінәлама ағы көп деп шашыңда,  
Білмейсің ғой жүрмеген соң қасымда.  
Біреу демеп, біреу шалып аяқтан,  
Талай мұң мен қасірет бар басымда.

Білмедім бе өмір күрес екенін,  
Білгендіктен ит жығыспен келемін.  
Оқымаса оқырманым тұшынып,  
Кімге керек менің ақын екенім.

Мүмкін дүние жазу шығар көлемді,  
Танытатын таланттың мен өреңді.  
Жазып келем қара шашым ағарып,  
Қара сөздің патшасы – өлеңді.

Ұмтылмасаң жақсылыққа жасыңда,  
Өрге қарай домаламас тасың да.  
Бітпей қалған істерімнің айғағы,  
Ізі қалған аппақ болып шашымда,

Түсіну де қиын боп тұр адамды,  
Тыңдата алмай әуре болам наданды.  
«Ақылдың езіп күйі» -деп басыңа,  
Есіргендер талай жыртып жағамды.

Сұраған соң саған айтам мұңымды,  
Шағыну деп түсінбе сен мұңымды.  
Жақсы өлең жүрер халық жадында,  
Біле жатар оқырманым құнымды.

Ұлы едім еркін өскен даланың,  
Құлағымда қалды сөзі дананың.  
Ақ шаш деген ақыл-ойдың қоймасы,  
Ақ шаш деген қазынасы сананың.

Мені жаным, шын түсініп ұғып ал,  
Өзімді емес, өлеңімнің сөзін ал!  
Санаң болса көп жабының ішінен,  
Шын жүйрікті ажыратып танып ал.

Өлең жазып алалмадым бағамды,  
Мүмкін шашым содан-дағы ағарды.  
Бірақ, солай деді екен деп біреулер,  
Тастамадым қолымдағы қаламды.

## ҚАДІРІҢЕ ЖЕТЕМІН БЕ?

Жырлайын жырла десең елді дарқан,  
Құмы да ән салады аты Барқан.  
Айтайын жер-су атын санамалап,  
Құлағың сап азырақ тыңда, қалқам.

Жырлайын туған жердің тамашасын,  
Қалдырмай биігі мен аласасын.  
Елім дарқан, жерім бай өскен ортам,  
Қалайша айтқаным таласасың?

Қазақтың жүріп өткен батырлары,  
Кешегі Орбұлақтың атырабы.  
Құсмұрын Шыңырауға төніп тұр ғой,  
От шықса жанар таудай атылғалы.

Ерлігін кім білмейді Сатай, Бөлек,  
Батырлар жау шапқанда елге тірек.  
Елтіңді, Елшібек пен Құдайберді,  
Ұрпаққа үлгі болар нағыз дерек.

Салпық пен Қараменде,, Садыр, Тана,  
Малдыбай, Дәулет, Шәнті шыққан дара.  
Алтын құрсақ айналдым аналардан,  
Қожбамбеттей билерді тапқан дана.

Үйгентас-тарих куә жау қырылған,  
Қырылған талай қалмақ өзі ұрынған.  
Соның бәрін өткеріп көсіледі,  
Баркөрнеу киелі тау ол бұрыннан.

Аяқсаз қалың қонған ел емес пе?  
Сарымсақты, Әулиеағаш, Қызылеспе.  
Суықсай, Шолақсу мен Қарабастау,  
Өлеңге арқау болған жер емес пе?

Үлкентау, Ортаатау мен Долаңғара,  
«Атыңның ерте тұрып жалын қара»  
Суы-бал, шөбі-шүйгін осы тауға,  
Бабалар осылай деп берген баға.

Жақсылап Тортөбелді тағалайын,  
Қопалы, Көлбастауды аралайын,  
Қайшы мен Қарағайлы сырт қалмасын,  
Белбұлақ, Ақтастыңа ән арнайын.

Қадіріңе туған жер жетемін бе?  
Бір жақсылық жасармын өтеміңе.  
Өлең жазып шабытпен ақынның жүр,  
Ыршуық, Ырғайлы мен Кепеліде.

Сырлытам, Қызылжар мен Жуалым бар,  
Жайлаған осы өлкені Суаным бар.  
Батырлар жиі ашқан жауға қарсы,  
Майтөбе болғаны үшін қуаныңдар.

Санамда сан тірліктің көшкіні жүр,  
Ұмыт боп кейбір дерек өшкелі тұр.

## Сүлеймен КЕРІМБЕКОВ:

## Қайраққа қарттығымды жанып алып, Сені өлең әлі күнге қуып келем...

Ат байлап атақырға ақын балаң,  
Бабаның қонысына көшкелі жүр.

Қойтас пен екі Өсектің құйғаны бар,  
Жан-жағы жағалай тал орманы бар.  
Жер аттарын жадына кетпестей қып,  
Оқушым ой жүгіртіп ойланып ал.

Осылай туған жерді жырлап өттім,  
Алғысын алайын деп мынау көптің.  
Жер – су атын ұрпағым ұғынсын деп,  
Азырақ білгенімді өлең еттім.

### КЕУДЕМДЕ ҒАШЫҚ ӨЛЕҢ БҮР ЖАРАДЫ

Сілкініп қара өлеңім дүр даланы.  
Кеудемде ғашық өлең бүр жарады.  
Тағы да туған күнім есік қакты,  
Ашылып күнтізбектің бірпарағы.

Белгісіз ғұмыр өтіп білінбейді,  
Күн көктем тереземнен күлімдейді.  
Отырмын алпыс бесте ойға батып,  
Жақсы өлең қаламыма ілінбейді.

Ілінбейді қаламға жыр дерегі,  
Шау тартса шабытың да сыр береді.  
Жастықтың жалыны жоқ бұрынғыдай,  
Бәйгі аттай жұлқынатын кермедегі.

Ақыл айтар жастарым «Қартайма»-деп,  
Қарттарым «Ортамыздан ортайма»-деп.  
Мен жүрмін соның бәрін есіме алып,  
«Беделім бел асқанда артар ма?»-деп.

Құлазып қалғандай ма көл жиегі,  
Елегізіп ет жүрегім елжірейді.  
Түстіктен ауып арай күн барады,  
Бұлыңғыр тартып аспан көк жиегі.

Өсіріп, өркендеткен сүйікті елім,  
Жасымнан жаман атқа ілікпедім.  
Өлеңнің түз киігі ұстатпайды,  
Сен қашқан құла-дүзге киік пе едің?

Белімді бекем етіп буып келем,  
Бір ысып, бір мұздайды суып денем.  
Қайраққа қарттығымды жанып алып,  
Сені өлең әлі күнге қуып келем...

### ЖАҚСЫ ЕДІ ҒОЙ ҒАШЫҚ БОЛЫП ЖҮРГЕНІҢ...

Тылсым күшке танырқап тамсан күнім,  
Махаббатқа өлместей жан сал бүгін.  
Сүю бақыт екенін дәлелдеймін,  
Махаббатсыз сүюдің жалғандығын.

Айым ба едің аспанда жаңа туған,  
Мен үшін әлемде жоқ дара тұлғаң.  
Бүр жарған көктемдегі бәйшешектей,  
Тал бойың бейне нұрдан жаратылған.

Біреулерге жан шығарсын көргісіз,  
Ғашық болдым адам айтса сенгісіз.  
Жақын еді жан дүниеміз жарасқан,  
Бөтен едік бұрын мүлде белгісіз.

Ділім менің соншалық берік пе ең,  
Ғашықтық па әлде мені еліткен.  
Ғашық болу – бақыт дейді, ал менің,  
Жанарымнан жас кетпейді неліктен?

Қаталдығын танытса да тағдырың,  
Терезеңнен қарсы аламын таң нұрын.  
Тіл қатпайсың, кейде мүлде тұйықсың,  
Бір құпия мен білмейтін бар мұның.

Керегі не жылап тұрып күлгенің,  
Керегі не алдамшы өмір сүргенің.  
Көздің жасын көл қып келген бақыттан,  
Жақсы еді ғой ғашық болып жүргенің...

### ТУМА ТАЛАНТ (Халық суретшісі Ә. Қастеевке арнаймын)

Шежің деген жерденсің,  
Өнерің мәңгі өлмесін.  
Атың қалсын артыңда,  
Тума талант жерлесім.

Шеберлікке таң қалам,  
Көз алдымда тау далам.  
Дәл өзіндей елестер,  
Неткен құдірет қыл қалам.

Жоқшылық билеп кейде шын,  
Тастамай ескі жейдесін.  
Салып кетті сонда да,  
Туған жердің бейнесін.

Омырауы ордендер,  
Қуанады көргендер.  
Еңбегін елі құрметтеп,  
Қадырлейді туған жер.

Шетел білді қаншама,  
Даңқы кетті соншама.  
Француз, Чех, Үндімен,  
АҚШ, ГДР, Польшаға.

Терең ұғым беретін,  
Суреттерін көремін.  
Әбілқандай атама,  
Ескерткіш болсын өлеңім.

### ТІЛ МҰҢЫ

Періште емес пендемін,  
Болды талай менде мін.  
Көшіне еріп өзгенің,  
Жолымнан тайдым кейде мың.

Сонда да өшпей шырағым,  
Шырқалып жүр ғой жыр-әнiм.  
Тыңдасаң халқым құлақ сап,  
Тілімнен шәрбат құямын.

Таусылмай айтар өлеңім,  
Таусылса қайтып көнемін.  
Жоғалса тілім жойылып,  
Жоғалар көзі көненің.

Өлмесін тілім – ұраным,  
Құдайдан соны сұрадым.  
«Бас кеспек болса қаншама,  
Тіл кеспек жоқ», - деп тұрамын.

Шұбарлап тілді ұл қалды,  
Шүлдірлеп сөйлеп қыз қалды.  
Салт-санам мүлде жойылып,  
Коммунист болып жырланды.

Арқам батқан тіл мұңы,  
Алдымнан шығар бір күні.  
Дамыпай жүрген өзіміз,  
Сезімің болса біл мұны.

Қазыбек бабам – шешенім,  
Әйтеке бабам – көсемім.  
Тілінен мәйек тамызған,  
Ұрпағы едім Төленің.

Аузын ашып жараның,  
Қайда кетіп барамын.  
Тіл туралы сөз болса,  
Тілімді тістеп аламын.

Санама бәрін көшірем,  
Қатесін тілдің өшірем.  
Жер басып жүрсем, ағайын,  
Қайтсем де тілді өсірем!

### АЙТАМЫН КІМГЕ МҰҢЫМДЫ?

Аңсадым өткен күнімді,  
Алмады жұртым тілімді.  
Көшіне жаттың ілесіп,  
Табаным талай тіліңді.

Шығармай сыртқа сырымды,  
Айтамын кімге мұңымды?  
70 жыл бодан болдық қой,  
Түсінер кім бар мұңымды.

Ұмытып мүлде тілімді,  
Айырмай өз ділімді.  
Ұлы елге мынау еліктеп,  
Шұбарлап біттік тілімді.

Білмедік арғы тегімді,  
Жоғалтып асыл сенімді.  
Көп жүрдік халқым адасып,  
Бұйдалап ұстап сезімді.

Ана тіл сенсің – тірегім,  
Ар-ождан мен жүрегім.  
Бабамның тілі болмаса,  
Қалайша өмір сүремін.

Ғұмырын ұзақ тіледім,  
Тілегін тілеп жүр едім.  
Жан ашыры тілімнің,  
Екеу болса, бірі едім.

Ана тіл өшсе – өшемін,  
Ана тіл өссе – өсемін.  
Тіліңді өзің білмесең,  
Қазағым қалай кешемін?

Жақсылық таңы көрінді,  
Тіл-көзден сақта көгімді.  
Өткен күндерім өкініш,  
Қайтарам кімнен кегімді?

Естісін жат та үніңді,  
Өткізбей босқа күніңді.  
Еркіндік алған еліңнің,  
Ұрпағы болшы білімді.

Сүлеймен Нұрқасымұлы Керімбеков 1945 жылы, 25 мамырда Қытай Халық Республикасында туылған. 1955 жылы ата – анасының туған Отаны – Қазақстанға көшіп келді. Балалық және мектептегі шағы Алматы облысы, Панфилов ауданының Әулиеағаш өңірінде өтті. Сол жерден Ленин атындағы жетіжылдық мектепті бітіріп, 1965 жылы Жаркент қаласындағы Панфилов педагогикалық училищесіне оқуға түсті. Училищені аяқтаған соң, Кішішыған орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып орналасқан.

1974 жылы Алматы қаласындағы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін журналистика саласы бойынша бітіріп шықты. Мектептен қол үзбей жүріп, біраз жыл Панфилов аудандық «Жаналық жаршысы» газетінде де қызмет істеді. 2004 жылы жергілікті «Жаркент» баспаханасынан «Ғашық көзбен қарасаң...» атты алғашқы жыр жинағы жарық көрді. Жаркент өңірінің таңдамалы жырларын таныстырған «Жыр өңірі – Жаркент» атты кітапқа оншақты өлеңдері енген.

«Ақсүйек», «Жуас күйеу іздеген келіншек» сияқты сын-сықақтары, Қазақстанның халық әншісі Дәнештің өміріне арналған «Саз саңлағы» поэмасы, «Маздаған махаббат», «Махаббатың өлмесін», «Мен өзінді аңсауменен келемін» атты балладалары, «Жыр – ғұмыр» атты деректі повесі мен «Мен Алаштың ұлымын» атты өлең кітаптары баспаға дайындалуда. «Билер шешімі», «Сатай батыр», «Орбұлақ шайқасы», «Адасу», «Әнші Дәнеш» атты драмалық-музыкалық пьесалары бар. Олардың кейбірелері саханалып та жүр.

Көптеген проблемалық мақалары, көркем очерктері, әңгімелері, шағын скетчтері республикалық, облыстық, аудандық баспаспаз беттерінде үзбей жарияланып жүр.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін көптеген Диплом, Мақтау және Алғыс хаттары бар. Аудан бойынша өткен жазба ақындар мүшәйрасына қатынасып, ақын «Жандарбек Бегімбетов» атындағы жүлдені жеңіп алды. Ақын, сазгер, ұстаз Токбай Исабеков құрған «Шыған шырақтары» әдебиет және өнер бірлестігін кеңейтіп, «Арқас алауы» әдебиет және өнер бірлестігі етіп қайта құрды. Қазір сол бірлестіктің төрағасы.



(Басы 1-бетте)

Жылқы етін жейтін жұрт жылқы малын жосықсыз тұтына бермеген. Оның ішінде белгімалдарының амандығын есте ұстаған. Соғымымыз осы белгімалға жатады. Белгімалдың қолды болуы, арам катуы, болмаса аяқтан қалуы сынды тосын оқиғалардың алдын алуға ұмтылған. Ондай малды ата болып, ауыл болып, аймақ болып қарауылда ұстаған. Әрі-беріден кейін «белгімалды алғанның белі» кетеді деген алушыны жасқаншақ етер қарғыс сөзі де бар. Сондықтан әккі барымташылар мал алғанның өзінде де әлгіндей белгімалдарды жазбай танып, міндетті түрде оқшаулап тұсаулап тастап кеткен.

Белгімалдың біз танып біле бермейтін эзотерикалық сипаты бар. Айталық, қайтқан адамның мінген атының тұлымы кесіліп, түлданады. Мұндай аттарды тұлымат, кей жерлерде тұлат дейді. Ондай адамның жылына жаратылатын тұлыматты алғанның өзі, болмаса, ет жақыны шетінейді деген түсінік қалыптасқан. Бұл санатқа солақ таңбалы аттарды да қосар едік. Солақ таңба болғанда ай таңбалылар. Ай таңба адамының (несінің) нашарлағанын білдіреді. Мұндай таңбаны иесі тезірек сауығып кетсе екен деп салады. Сауыққан жағдайда әлгі белгімалдарын шалады. Мұндай белгімалды кешегі шалдарымыз құрбандық деп отыратын. Өйткені, солақ ат сырқат адам айықса да, көз жұмса да жаратылады. Сол солақ атты алушылар болмаған. Оларда әлгі ат иесінің сырқаты алған адамға көшеді деген ұғым болған.

Белгімал тобындағы бәйгемалдарын да әсіре әспеттеген. Ұранға шығарылғандықтан оларды ұранат деген. Ұранаттарын қазақ баласы ешқашанда пышаққа жықпаған. Содан барып, оларын кәдімгідей адам сынды жер қойнына тапсырған. Оларға арнап арнайы ән-жырлар шығарған, ескерткіш қойған. Сондай-ақ жегін мал (жылқы) етін де тұтынбаған. Ал, оларды союға ниеттенгенде құр жіберген.

Жылқы етінің қастерлісі – соғымы, соғым малы. Ата-бабаларымыз соғымдарын қазіргідей сатып, болмаса базар барып қыртысына қарап саудалап алмаған. Соғымдарын айтып жүргеніміздей үш-төрт ай бұрын емес, жарты жыл бұрын белгілеген. Соғым малы да белгімалға жатады. Белгімалдың басына нөқта, арқасына тоқым, аяғына тұсау түспеген. Қазақ баласы белгімалын қазіргідей еш уақытта жемдеп бордақыламаған.

Соған қарамастан соғымдарын кондициясына жеткізген. Ешқандай да екпе жасамай, дәрі бермей, қолда бордақыламай.

Осы жерде сәл шегініс жасайық. Бүгінде соғымға түйе, сиыр союшылар көбейіп тұр. Одан қалды қой союшылар шықты. Олардың есебінше үш қой сойсаң бір қараның есебіне жүрмек.

Ал, кешегі күнде бабаларымыз соғымға тек жылқы малын сойған. Басқадай сойылған мал күздік мал есебінде қаралған.

Қазақ баласы «шүйгін болсын» деп тек жылқы баласына қаратып айтқан. Шүйгін деген сөз жүк деген сөз. Қалған жайда семіз болсын деген. Қарамал сойғанда «сүйкімді болсын» деп те айтушылық бар.

Бүгінде жаз соғым дегенді шығарып алғандар бар. Бұлайша жазда сойған жылқы малын айтып отыр. Бұл жерде айтарымыз бабаларымыз еш уақытта жылқы малын орынсыз жұмсамаған. Мәжбүрлік болғанда ғана (өлім-жітім, той-томалақ) жылқы малын пышаққа жыққан. Тіпті, қадірлі қонақтың өзіне қой жыққаннан әрі аспаған. Соған орай ешкім де өкпереніш білдірмеген.

Бүгінде соғым сойып алушылардың жаңа бір тобы пайда бола бастады. Олар ерте бастан жылқы малын жаз (күз) айында сойып алып, етін тоназытқыштарда сақтайды. Олардың майлары қабырғаға жұғып үлгермегендіктен шылқып тұрады. Мұны да соғым деп айта алмаймыз.

Жаз, күз айларында сойылған жылқы

## ҚАЗАҚТЫҢ СОҒЫМЫ ҚАЙ СОҒЫМ?



малын бабаларымыз сойыс малы деген. Адам баласына алардың белгісі үш ай бұрын көрінеді. «Алар» деп бабаларымыз аяққа кірген ісікті айтады. Ондай ісік ешқайда қашпайды. Аяқтан белге, белден алқымға көтеріледі. Соңында алып тынады. Мұндай жағдайда айналасы қонағасына (қырқы, жылы) деп сойыс малын белгілейді.

Бабаларымыз той-томалаққа белгілеген малдарын тоймал дейді. Мұндай белгімалдарын ебелекке жіберген, ебелекті жерде ұстауға тырысқан. Өйткені, ебелек жеген мал майын қабырғаға жинаған.

Сонымен, қандай жағдай болсын, қазақ баласы қар түспейінше соғым соймайды. Өйткені, қар түскенде ғана жылқы баласы іш майын қабырғасына жинай бастайды.

Сонда соғымды қай мұғдарда сойған жөн? Оны да айталық. Қыс тоқсан түскенде!

Бұл шамамен бүгінгі жыл қайыруымыз бойынша желтоқсан айының он үші.

Here?

Жылқы малының шүйгіндігі қабырғасындағы қыртысымен белгіленеді. Оны қазы дейді. Оның өзі саусақ өлшеммен өлшенеді. Пышақ сырты, бармақ, елі, екі елі, үш елі, төрт елі, табан, сере деп кете барады. Бұл жерде байқағыш адам сырт тұрған екі өлшемді анық көреді. Пышақ сырты, табан деген қандай өлшемдер?

Соғым малы ешқашанда тырық болмайды. Болатын кезі бар. Отбасында сусамыры, қан кемі, қан асыры бар ағайындар ондай жандарға малды арнайы баптаған. Қабырғасына пышақ сырты май тұрғызған.

Демек, бұл тырық мал деген сөз емес. Тырық мал өсіру үшін біраз тер төгуге тура келеді.

Сонан кейін саусақ өлшеміне жатпайтыны табан шығарған малдар. Табан шығар малды азған адамды торалту үшін баптаған. Азған адамдарға епетеісіз семіз адамдар да жатқан. «Қардың басын қар алады» демекші өртке қарсы өрт салған бабаларымыз май басқанға май жегізген ғой. Осыдан кейін оларды данышпан демей көрініз? Қайран, қазақтың қара шалдары!?

Токсан түскенде олар қараңғы қорада ұсталған.

Сөйтіп, оларды қабырғаға май жинау мүмкіндігінен айырған. Сонымен, қазақтың соғымы қай соғым?

Іші-сырты бірдей соғым!

Ондай соғым тек қыс тоқсан түскенде білінеді. Бұл, қайталап айтамыз, желтоқсан айының 13-і.

Әдетте, соғымға жылқы малының ұрғашысы жаратылған. Оның өзінің кәделісі бар. Олар – жабағы (тай), байтал, ту бие. Еркек мал союдан қашақтаған. Алдайды деп. Құнанға атымен жоламаған. Екі жасында тістейді деп. Дөненді жақтырмаған. Айғыр шығар деп.

Осы жазбамды жазу барысында «Ел не дейді?» дегендейін ғаламторды қосқам. Мұндайда көмекшіміз «Уикипедия» болса керек еді. Алайда, айтып отырған тақырыбымызда да сусаниншілдігінен

танбапты. Басқасы басқа, мынауы қай сөз? «Қазақ қасиетті мал есебіне жатқызатын түйе мен жылқының басын бөлмей асып, пісірген. Сиырдың басын ғана бөліп, жеке-жеке тартқан». Ал, керек болса... Сиырдың басының үшке бөлінетінін білмеген, жылқы басының сойылып, екіге бөлінетінін және оның шеке аталатынын білмеген «білгіш» парақшамыздан не қайыр? «Қазақ тарихы» сайтына салған «Соғымыңыз шүйгін болсын» деген танымдық жазбасында тағы бір Сусаниніміз – Алтынбек Құмырзақұлы деген бауырымыз «Қазақ тарихында ірі байлар соғымға деп 20-ға тарта жылқы, 100-ге жуық қой, 30-ға тарта ірі қара, 1-2 түйе малын сойған» деп жазады. Сонда әлгі байымыз ай сайын он жылқы, болмаса сиыр, жиырма қой жеп отырған ба? Олай болғанда бай ауылы мешкейлер ауылы болды ғой. Қош, сонымен соғым сойдық дейік. Бірінші болып кім сояды? Әрине, баршылықтағы жандар сояды. Ауылдың үлкені, елағасы, абыз ақсақалы сояды. Оны соғымбасы дейді. Соғымбасы қазанға тұтас асылады. Келмей қалған жандар болса олардың сыбағасы жеткізіледі. Жалпы, соғымбасыдан ауыз тимейтіндер болмайды. Жаппай соғым сою содан кейін басталады. Соғымбасын беретін адам кемі екі мал сояды. Оның біреуі – соғымбасы.

Сонда соғымды кім сояды? Кім сойғаны қалай, қасапшы сояды да. Ең алдымен, айтарымыз – қасапшы сояды ма, шабады ма? Әрине, шабады. Олай болса...

Малды соятын адамды қасапшы емес,



союшы дейді. «Союшысы келіссе, сорпасынан кім қалар» деген мәтел бар. Демек, союдың да жөн-жосығы бар деген сөз. Союдың басы бауыздаудан басталады. Бауыздағанда орады. Екі орғаны бауыздаушыға сын. Содан да олар «менің қолым емес» деп өздерін орынсыз жазғырудан арашалап жатады. Ал, соғым союшыны сойымшы дейді. Осы соғым мен сойым сөздерінің түбірі бір ме деп ойлаймын. Оны тіл мамандарымыз түптей жатар. Союшы мен сойымшының айырмасы қандай дегенге келейік.

Сойымшы тек соғым ғана сояды. Соғым сойған пышағымен басқа мал баласын соймайды. Мұндай пышақты мүкі дейді. Жай уақыттың өзінде мүкімен

жылқы соймайды. Қазақтың тағы бір пышағы – бәкі осы мүкімен түбірлес сөз бе деп ойлаймын. Мұқамал сөзін де осы саптағы сөз деп білемін. Қазақтың мүк қалтасы осы мүкі сақтайтын қалтасы ма деп ойлаймын.

Қасапшы – қазақ ұғымында күндіз-түні мал қасаптайтын адам, қасаптан басқа кәсібі жоқ адам. Оның басты талабы – мал терісінің бүлінбеуі. Сонымен бірге ол – ет шабушы. Ет шапқанда сүйектің өзін ет қылып жібереді. Қасапшыны өсіре мақтағанда «сүйек таппадық» деп отырады. «Құс (шымшық) сойса да, қасапшы сойсын» деп жатсақ, оның осындай мәні бар.

Тілімізде тәрбие деген сөз бар. Кейінге дейін арабтардан еңбеді ме екен деп келген едім. Бүгінде өзіміздің төл сөзіміз екендігіне ден қойдым.

Адамның тәрбиесі түсінікті. Осы тәрбие сөзінің соғымға тура қатысы бар.

Күнделікті сойыста малды мүшелейді. Жылқыны да.

Ал, соғымды мүшелемек тұрсын, тәрбиелейді. Ең бастысы етке жел тигізбейді. Ондай ет піскенде сағызданып тұрады. Етті жас күйінде сақтаймын десе, суға шылап, мұздатады. Жер қазып, мұзқаптап сақтайды. Мұндай ет бұзылмайды. Сөлін ұстап қалады. Нағыз сүр керек болса, онда етті ұнда сақтау керек болады. Мұндай ет еш уақытта бұзылмайды және оны суға қайнатпай-ақ жей беруге болады. Оны қазақтар мейізсүр деген. Шынымен дәмі мейіз татып тұрады. Бұрынғы қазақтар етті етқапта сақтаған.

Ет табаққа ешқандай бөтен қоспасыз түсуі керек. Тәрбиесі келіскен етке ешқандай сарымсақ, жуа, басқа да дәмдеуіштердің қажеті шамалы. Кемеліне келген мұндай дәмді қазақтар соғым еті деп әспеттеген.

Жіліктерді буындарынан шығаруды жіліктеу деген. Етті мүшелеріне қарай бөлшектеуді мүшелу деген.

Жылқының қазысы он екі қос қазыдан тұрған. Қабырғалары мен жіліктерін екіге бөліп, табақтық шығарған. Мүшелеп салғанда, бір малдың еті он алты табақ шығарған. Турап салғанда жиырма бес табақ шығарған.

Қазақтың еті тек еттен ғана тұрады. Сөз соңында айтарымыз... Айтпасқа та болатын еді... Дегенмен... Ер-теде кандидаттық, әлде докторлық қорғамақшы болып жылқылы ауылға әлде адам дәрігері, әлде мал дәрігері келіп, түрлі сауал шығарыпты. Соның бастысы жылқы етінің пайдасы

жөнінде болса керек. Бәрін айтып келіп, жылқышы сөзінің соңына келгенде тосылып қалыпты. Өйткені бала-шағасы төрт көзі түгел отырса керек.

Содан әлгі адам қайтып кетеді Алматысына. Арада екі-үш жыл түскенде жылқышының үйін қайтып жазбай тауыпты. Алайда, отағасы бақилыққа озған екен. Содан жөн сұраспай ма?

Сонда әжеміз теріс бұрылып:

– Кетер-кеткенше қасымда жатты, – деген екен.

Соғымдарыңыз шүйгін болсын!

**Төрехан МАЙБАС,**  
жазушы-этнограф,  
ortalyq.kz

**Т**іршілігіңізде айналаңызды иекпен жүрген адамдардан талай нәрсені естіп, кейбір айда болмаған жағдаяттарды көре келе пенденің басынан сан түрлі уақиғалардың өтетінінің куәсі боласыз. Бірі тыңдағанда сүйсініп таңдай қақтырар танданыс туғызса, енді бірі естігенде көз алдына еріксіз езу тартқызатын күлкілі көріністерді әкеледі. Айтқыштардың ішінде тұздықтап жіберетіндері де кездеседі. Мұндағы дейін ағамыздың басынан өткен осы бір күлкілі оқиғаны ауылдастары ғана емес, ат аяғы жетер жердегі кісілердің бәрі ұзынқұлақтан естігенде езу тартпай отыра алмайтын. Айналасы біреу сәтте өтіп жұртты күлкіге батырғанмен, бірақ ағамызға өмірлік зардабын тигізген бұл жағдай көп жылдар бойы жұртты ұмытылмас әңгімеге кенелтіп кейбір қыдырма сөзuarлардың шәй ішерлік тақырыбына айналды.

Бұл әңгіме былай болыпты. Қазақ қонақсыз отыра алмайтыны белгілі. Әсіресе қыстың ұзақ күнінде ұзын арқан, кең тұсаумен жүріп, даладағы шаруасын жайғап тастап, кешкілік қазан көтертіп әңгімеге көшетіні бар емес пе? Анау бір жылдары қыстың күні ауылдағы жақын інілерінің бірі жасы алпысты алқымдап қалған ағайымызды жылдағындай қалыптасқан салтпен кешкілікке туған-туыстары, көршілерімен бірге соғым басына шақырып, қонақ жасайды. Сойған соғымның етін «шүйгін болсынды» айтқызбай жалғыз жейтін қазақ жоқ. Жұрт жиылып аман-саулық сұрасып, ел арасындағы жаналықпен бөлісіп отырады. Ол кездерде соғым басы ғана емес кез-келген бас қосу өздеріңіз білесіздер, ащы су қойылмай сәні кірмейтін кез. Ысталып бабына келе бастаған, сойғанда табан шыққан жылқының жылы-жұмсағымен, ауызға салсаң еріп тұратын қазы-қарта, жал-жаясымен қосып қанша сілтесеңде сіңетін «ақан» адамға жел бітіріп кеуденді көріктей қыздыратыны бар.

Жиналған ағаларымыз да біраз шөлмектерді босата отырып, еттен кейін келген үйме табақ қып-қызыл қуырдаққа бөгіп алған соң қызды-қыздымен карта ойынына кірісіп, қол көріп, қалта қағысып біраз уақытқа дейін дуылдасады. Таңғы сағат төрттен өтіп бестерге қарай жылжығанда «қолы жүрмей қойған» ағамыз үйі есіне түсіп қайтуға бекінеді. Даладағы кешкілік басталған алай-түлей бұрқасынды айтып «қона кет» деген үй иелерінің айтқан тоқтау сөзін құлаққа ілмей ыстық үйде буы бұрқырап, қызара бөртіп алған ағамыз киініп алып «үйім қарыс қадам тұр ғой» деп рахметін жаудырып, жол осы ғой деп тіке қарай тартып отырады. Үйден шығып кетіпті дегенді естіп отырып дәл осыған ұқсас студенттік кездегі бір оқиға есіме түсіп еріксіз езуіме күлкі үйірілді.

Алматыда оқуда жүріп үйленген, бір баласы бар студент досым қаланың бір түкпірінде пәтер жалдап тұратын. Қыстың аязды күндерінің бірінде түлен түрткендей аяқастынан жатақханада тұратын, университетте бір курста оқитын ауылдасы «бүгін менің туған күнім еді, осында атап өтейін» деп келе қалған ғой. Сәбеттің қызыл торламасына мойыны қылқып әр тарапқа қарап шығып тұрған студенттердің қонығын – «Таласты» толтырып көтеріп алған. Содан, қысқасы өзінің тауысып, одан досының ауысып, бәрін бітіріп, жатар кезде есі бар адамдай мінезі нілдей бұзылып кетемінге басқан. Досының әйелі жанашырлықпен:

– Мына сұрыңмен жарым түнде қайда барасың? Осында қона кет, көліктерде тоқтайтын кез болып қалды, жете аласың ба?, – десе шалықтап тұрған әлгі ауылдастары:

– Қорықпа, мен бәрін есептеп тұрмын, жетпек түгілі асып кетемін, – деп көнбей киініп алып шығып кетіпті. Далада «ту» дегенде түкірік жерге түспей қататын сақылдаған сары аяз. Таңғы сағат төрттерге жуық біреу бұлардың пәтерінің есігін тарсылдата жөнеледі. Шырт ұйқыдан оятқанды кім тәуір көрсін. «Бұл кім?» десе біреу былдырлайды. Таныс дауыс болған соң ашып ішке енгізгенде қараса жаңағы жолға шығып кеткен досы, үш-төрт сағаттан соң айналып келіп тұр. «Әй не болды? Жете алмадың ба?» депті өзі де түндегіден есі кіресілі-шығасылы мәңгіріп тұрған үй иесі. «Жетпек түгілі асып кетіпін» деп досы жерге гүрс ете түсіпті. Батырыңның есебі қисындық екен. Мінген троллейбусы жатақхананың жанына дейін барып қайтатынын есептеген, бірақ орындыққа отырысымен ішіндегі шараптың күші жеңіп, тұла бойын балқытып, маужырап, «соқыр молда жетектеп» бірте-бірте бүктетіліп орындықтың арасына түсіп ұзақ ұйқыға кеткен. Түнгі мезгілде жүргізушілер салонды араламайтыны белгілі. Содан неше айналым жүргені белгісіз, троллейбус оралып автопаркке келгенде салонды қарап жүрген

## СОҒЫМБАСЫ



жүргізуші орындықтың арасындағы жыланша иіріліп бір уыс болып жатқан мұны көріп, былдырлап қарсыласқанына қарамай жағасынан алып сүйреп түсіріп, ал, күзетшілер ауладан қуып шығарып жіберген. Қайдан келіп, қайда тұрғанын білмей әңкі-тәңкісі шығып әрі-бері жүре берген бұл тұла бойын аяз бұғанда ғана барып есін жиған. Алматыда екенін біледі, қай тұсқа келіп түскенін білмейді. Көше бойы тым-тырыс. Көлік атаулының дыбысы да жоқ. Әуірімдеп жүріп өзі сияқты бір қандай үйінен екенін кім білсін, ерте шығып кеш қалып жете алмай келе жатқан мүсәпірді жолықтырып жөн сұрайды. Алматының арақ пен сыра, шарап сататын жерінің бәрін жатқа білетін жанағы қаңғыбас бұған әдемілеп тұрып жол сілтеп жібереді, содан отыз көшенің ортасымен, қырық көшенің қиылысын басып келіп тұрған беті көрінеді. Егеріне есі кіргендей баяны осы. Мына әңгіменің төркіні де солай тартып бара жатқан сияқты.

Далада қаңтар айының аспанын кара түнек бұлт тұтаса басып, аяз сықырлап, боран ысқырына аласұрып, ұйытқый соғып қарды үйіріп тұрған кез екен. Үй арасы да онша алыс емес, қазақша айтқанда таяқ тастам жер. Мынау қалай болар екен деп алғашқыда секемденгенмен бойдағы етпен ішкен ақанның қызуы бар, кетем деп бой бермей далаға шығып кеткен жайы тағы бар, бәрі қосылып намыстанғандай болып, үйім осы бағытта болар деп шамалап, аяғын аннан бір, мұннан бір басып жүріп кетеді. Ұйтқи соққан қарлы түтектен ештеңені ажырата алар емес. Әудем жер жүріп барып артына бұрылып көз салып еді әлгінде ғана шыққан үйі қарлы бораннан түк көрінбеді, қай тұста қалғанын шамалай алмады. Үстіне киген дәу кара тонның қайырылған көлемді жағасы басымен тұтас жабуға келетін. Басы-көзін бүркеп алып қыстай жауған қасат қардың үстіне қарлы боран үйіп жатқан, тізеге тақап қалған үрлесінді қаршылдатып біраз жүрді. Жүріп келе жатып маужырай бастады. Таңғы ұйқының қысуы мен мастықтың әсері болар, оң мен түстің арасында жүргендей күйге түсті. Әлден уақытта аяғы әлденеге тиіп шалынысып, тайып кетіп қолымен жер тіреймін дегенше аударылып барып шалқасынан түсті. Тұрмақ болып тырбанап, басын көтермек болып көріп еді өзек-сымаққа ұзынынан сұлап түсіпті, екі жағы да қырлауыт жер екен. Екі қолын екі жағына жіберіп тал қармағандай сипалап еді саусағына ештеңе ілікпеді. Екі-үш ұмтылып тұрмақ ниетте еді ол әрекетінен ештеңе шығара алмады және ұйқы басып көзі жұмыла берді. Қара тонның жалпақ, енділеу жағасымен бетін бүркей жапқанын біледі. Әрі жатқан жері жылылау көрінді...

Ықтасында жатыр екем-ау деген ой келді. Екі қолын жоғары көтеріп, қарманып тұрмақта болды. Одан кейінгісі бұлыңғыр. Ұйықтап кетіпті. Есін үйінде жиды. Бала-келінімен өзін айналып жүрген інілерін көрді. Сыбырлай сөйлескен сөздерімен ымдасқан тұспалдарынан құлағына еміс-еміс үсік шалыпты дегендері тиді. Екі қолының алақаны саусақтарымен қосылып дуылдап ашып, күйдіріп жатқанын сезді де олардың өзінің қолын айтып жатқанын білді. Үйдегілер үсікке қарсы әртүрлі майлар жағып, ем-домын жасап қойыпты. Бірақ қашан, қалай үсітіп алғаны есінде жоқ. Кейіннен өзіне-өзі келгендегі ағайындарынан естігені мынау.

Әкелерінің барған жерінде ешқашан қонып қалмайтын әдетін білетін ұлы мен келіні ертеңгілік жатын бөлмесінде болмаған соң бір-қараңғы бір жарықта ояна салып әкелерін сұрап, түндегі соғымбасына шақырған үйге барса, жарық жоқ. Түнде қатты боран болғанын жұрттың бәрі біледі. Тым-тырыс. Бәрі шырт ұйқыда. Есік-терезелерін тарсылдатып жүріп үй иелерін оятып, тұрғызып алып сұраса, олар «оу, ағамыз төрт-бестердің шамасында

боран басылмай тұрғанда үйге кетемін деп көнбей киініп шығып кеткен» дейді. Одан жанұшырған екеуі үйге қарай күрткікті күрткідетіп қайта қайтады. Бұл мезетте түн қараңғылығы сейіліп таң ағара бастаған кез болса керек. Екеуі қауқылдасып келе жатса алдарынан қиыстау жерде қар астынан қылтып шығып жатқан қарайған бір нәрсе көзге шалынады. Алғашында ағаш бұтағы ма деп қалады. Әкелерін қонақ жасаған ағайындарының үйі мен бұлардың үйінің арасы біраз жер болса да екі арада қылайған қылпық жоқ тақыр екенін екеуіде біледі. Күнде барып-келіп, көріп жүрген жерлері. Сонда да болса бұл не нәрсе екен көрейік деп бұрылып келіп қараса, қар астынан бес саусағы тарбып шығып жатқан екі қолды көріп талып түсе жаздайды. Қорыққаннан зәресі ұшқан әйелі баж етіп бақырып жібереді. Мені көрдіңдер ме дегендей үрлеген қардың астынан екі қолын шойайтып шығарып, саусақтарын тарбыттып жатып қатып қалған әкелерінің қолын ғана көріп, сұқандары кетеді. Әкелерінің денесін бораған қар үрлеп тегістеп тастаған. Екеуі жалма-жан жүрелеп отыра қалып ырсылдап-пырсылдап жүріп әкелерінің денесін қардан әрең аршып алады. Арасында дауыс салған әйелін ұрсып күйеуі әлек. Суық аязға шығып қалған екі қолы шынтақ тұсынан ғана бүгілмесе, білезік тұсынан илігу жоқ. Қысқы тонның жағасы беті-басын бүркеп тастаған. Беті тегіс қар. Суық ұрып жіберген. Әкелерінің өлі-тірі екендігіне қарайлайтын уақыт жоқ. «Атам-ай, атам-ай. Қарамай өлтірді деп айтады-ау, жұртқа не бетімді айтамын» деп күні бұрыннан озандап, қайдан үйренгенін кім білсін сұңқылдап қасында әйелі жүр. Өлімнен ұят күшті. Көтеріп алып жүрейін десе бөренедей қақайып қалған. Өзі бойшаң адам, середей созылып жатқанда екі метрдей. Әкесін көтеріп кете алмасын білген баласы әкесінің қасына әйелін қалдырып, шана алып келуге екі өкпесін қолына алып үйге қарай жүгіре жөнеледі. Атасының қасында ойбай салып келіні қалады. Бір демде үйге күнделікті су тасып жүретін, үстіне жалғыз бөшке сиятын кішірек тар табанды шаны сүйреп алып баласы келеді. Екеулеп көтеріп шанаға жатқызып десе ендемейді. Аяғы қарға тіреліп бір жағына ауып түсіп қала береді. Таң болса ағарып келеді. Елдің алды ояна бастайды. Басқа амалы қалмаған соң соң сасқанынан шанаға әйелін отырғызып, алдына атасын көлденең өңгеріп беріп, құшақтатып, үрлесінге бір батып, бір шығып өлдім-талдым деп үйге қарай тартады. Жолда атасын құшақтап отырған келіні:

– Атам-ай, атам-ай, айырылып қалсам қайтем-ай! Баға алмай өлтіріп қойды деп айтады-ау!, – деп, ойбайға басады. Өзі ел-жұрттан ұялып, сасып-салдырап жүрген күйеуі:

– Жап деймін аузыңды. Біреу-міреу естіп қалса одан да жаман ұят болады, – деп, күрткі қарға малынып, бір құлап, бір тұрып ырсылдап демігіп келе жатқан күйеуі ұрсады. Шанының үстінде келінінің алдында кесе көлденені екі қолының бес саусағы аспанға созылып, қатқан бөренедей серейіп жатқан әкесін ерте тұрған әлдебіреулер байқап қалса, әжуаға айналдырмасын деп, екеулеп жатып, тездетіп, әуіріммен үйіне кіргізеді. Лезде жылы жерге жатқызып қарап көрсе, жаны бар сияқты. Ауылдағы жар дегендегі жалғыз фельдшерді үйінің ішін дүрліктіріп, шырты ұйқыдан жұлмалап оятып, шала-пұла киіндіріп оны алып келеді.

– Орынсыз азан-қазан жасамандар, әкелерің тірі екен, – деп, келген жігіт ем-домын жасап, бетін бері қаратып тірілтіп алады. Содан бері бұрынғы ашық-жарқын ағамыздың қабағынан қар жауып тұратын болып мінезіне күрт өзгеріс енді. Қолдағы бала-шағасының ғана емес, туыстарының да дегенін көтермейтін, екі сөзге келмей шарт-шұрт ете қалатын шырт етпе әдет пайда болды. Соғым басының зардабынан ағамыздың екі қолының саусақтарының буындарының сіңірлері қатып-семіп, терісі қарайып, бірікпей, бұғының мүйізіндей бес сала болып қақайып қалады. Шыны ұстаса да, қосқолдап ұстайды. Темекі тартқанда не болмаса амандасқан адамдарға да он саусағын тарбайта жайып, міне көрдің бе дегендей болып сезілетін. Ешкімге білдірмесе де сол күнгі оқиға мұның ішін жегідей жейтін. Аңшылық жасап не мал бағып жүріп аязға ұрынса бір құдайдың жөні ғой. Өзегін өрт алып «әттен» деп бармақ тістететіні басқада болып тұр ғой. Өкініштісі сол қолының үсігені, саусақтарының икемге келмей мүгедек болып қалғандығы емес, ішімдік ішіп алып үсікке ұрыныпты деген қаңқудан намысы келіп жарыла жаздайтын. Бастан өткерген келеңсіз істерімізге, жіберген ағаттықтарымызға өкінішпен қарайтын жандармыз ғой. Жұмыр басты пенде болған соң басынан не кешпейді дейсіз...

Молот СОЛТАНАЕВ



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы облысы,  
Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі,  
242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
Тапсырыс: №2652

